

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 58 (910) 30 желтоқсан 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ЖАҢА 2023 ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР! ҚЫМБАТТЫ ЖЕРЛЕСТЕР!

2022 жыл тарих қойнауына еніп барады. Бұл жыл көптеген маңызды оқиғалармен есімізде қалады. Ұлттық мереке ретінде Республика күнінің қайта оралуы, Конституцияға өзгерістер енгізу жөніндегі референдум және кезектен тыс Президент сайлауы – ел игілігі үшін атқарылған шаралардың бір парасы.

Бұл елеулі оқиғалар солтүстікқазақстандықтар тарапынан зор қолдауға ие болды, өңір тұрғындарының жаңа өзгерістерге дайын екенін көрсетті.

2022 жылы Мемлекет басшысының бастамасымен «Балалар жылы» кеңінен аталып өтті. «Балалар жылы» мемлекет өскелең ұрпаққа ерекше назар аударатынын және еліміздің болашағына қамқорлық жасайтынын көрсетті.

Солтүстікқазақстандықтар үшін өтіп бара жатқан жыл экономикадағы жаңа жетістіктермен, әлеуметтік саладағы оң өзгерістермен есте қалады. Әсіресе,

экономикалық өсімді қамтамасыз етуге және тұрақты даму қарқынын сақтауға, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға ерекше назар аударылды.

Бұл қол жеткен табыстар жаңа биіктерге серпін берері анық. Ал 2023 жылғы жетістіктер өңір тұрғындарының игілігіне айналуы тиіс.

Қымбатты жерлестер! Баршаңызды келе жатқан 2023 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл барлығымыздың игілігімізді және әр отбасының берекесін еселей түссін! Барлық солтүстікқазақстандықтарға мықты денсаулық пен табыстар тілеймін! Әр үйде мейірім, ырыс пен ынтымақ әкелсін! Жаңа жылдарыңызбен!

Айдарбек САПАРОВ,

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.



ҚЫМБАТТЫ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

Сіздерді төрімізге енгелі тұрған жаңа 2023 жылмен құттықтаймын! Біз қашанда өткенге салауат айтып, жарқын болашақтан үміт күткен халықпыз! Өсіп-өркендеу жолына түскен еліміз жүрісінен жаңылмай, аршындап алға басты. Жылдан жылға халықтың әл-ауқаты өсіп, мемлекетіміздің абыройы асқақтап келеді.

2023 жыл ырыс пен ынтымақтың, береке мен байлықтың, бейбітшілік пен бақыттың жылы болсын!

Жаңа жыл! Жаңа күн! Жаңа өмір! Бұл күн тіршіліктің барлық иесіне жаңа үміт, қуаныш сыйлайды. Сол қуаныш пен үміт жыл бойы әр шаңырақта сақталсын! Сондықтан да тарихты өз қолымен, өз еңбегімен жазатын жігерлі жастар қатары молая берсін!

Халқымыз әр кезде жылдан жаңалық, айдан амандық, жаңа атқан таңнан жақсылық күтеді. Жаңа жылдың қазақ еліне берері таусылмасын деп тілейік. Ең бастысы көп ұлтты Қазақстанның іргесі берік, іші аман. Ұлтаралық, дінаралық келісім берік орын алған еліміз бейбітшілік пен тыныштық аймағына айналды.

Босағамыздан енген жаңа жыл елімізге тыныштық, отбасымызға амандық-саулық, береке-бірлік, әрқайсыңызға денсаулық, бақыт пен шаттық сыйласын! Жаңа жылдың әр күні құтты болсын, жаңа табыстарға жетейік!

Берік ӘЛЖАНОВ,

Тайынша ауданының әкімі.

ТАЙЫНША АУДАНЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРҒА ҚОРЫТЫНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты деп нақты атап көрсеткен болатын. Осы тұрғыда Тайынша ауданы бойынша осы міндеттерді орындау мақсатында 2022 жылы барлық салада жұмыс ойдағыдай атқарылды. Ауданның жаңа басшысы Б.А.Әлжановтың келуімен осыған дейінгі жұмыстар жалғасын тауып, бүгінгі таңда ауданымыз дамуының барлық салаларында үлкен оң өзгерістер бар деп толық сеніммен айта аламыз.

Ауданның даму деңгейінің маңызды индикаторы - негізгі капиталға инвестициялар салу болып табылады. 2022 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 27,5 млрд. теңгені құрады. Нақты көлем индексі 103,1 % құрады (2021 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 22,7 млрд. теңге).

Ауданымыздың инвестициялар жиынтығының көлемі облыс бойынша 3 орынға ие. Бұл үлес біздің өңірдің экономикасына инвестицияланған қаражаттың 9,1% құрайды. Тартылған инвестициялардың басым бөлігі кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен қалыптасты.

Салымдардың көпшілігі аудан экономикасының нақты секторындағы кәсіпорындардың техника мен құрал-жабдықтарын сатып алуға бағытталған. Ағымдағы жылдың өткен кезеңі бойынша ауданға құйылған инвестициялар 1,6 млрд. теңгені құрды.

Осы жылдың ең ірі инвестициялық жобалары: «BioOperations» ЖШС-не түсті: биоэтанол, ұн, сұйытылған көмірқышқыл газын өндіру желілерін баптауға 4,5 млрд теңгеден астам инвестиция салынды. «EMC Agro» ЖШС шошқа кешенін кеңейту, инвестициялар 1 млрд. теңге және «Астық STEM» ЖШС сүт-тауар фермасының салынуы 1 млрд. теңгеден астам қаражатты құрды.

Ауыл шаруашылығы – мықты экономиканың негізі.
Ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айындағы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 115,9 млрд. теңгені құрады.

2022 жылы агро құрылымдары 415,5 мың гектар дәнді дақылдар, 156,8 мың гектар майлы дақылдар екті.

Дәнді дақылдардың жалпы өнімі 449,2 мың тоннаны құрады, шығымдылығы 10,8 ц/га; майлы дақылдар – 85,6 мың тонна, шығымдылығы 5,4 ц/га.

Егіске 68,2 мың тонна тұқым пайдаланылды. Тұқым ауыстыру үшін 6709 тонна жоғары репродукциялы ауылшаруашылық тұқым әкелінді. Сұрпы жанарту – 9,8 % құрайды.

Ауданда картоп өсіру мен көкөніс өсіру саласы қарқынды дамып келеді. Ағымдағы жылы аудан шаруашылықтары жалпы көлемі 66,4 мың тонна картоп жинауға қол жеткізді. Сонымен бірге өнімділік көрсеткіші 174,0 ц/гектарға сәйкес болды.

Ашық жердегі көкөніс дақылдарының жалпы өнімі, оның ішінде сәбіз, қызылша, қырыққабат 23,0 мың тоннаны құрады, сондағы шығымдылығы 343,6 ц/га. Жиналған картоп пен көкөніс біздің аудан мен облысты ғана емес, көрші Ақмола облысының тұрғындарын да өніммен қатамасыз етуге мүмкіндік туғызды.

Ауданда машина-трактор паркін жаңарту жұмыстары белсенді жүріп жатыр. Жыл басынан бері 12,6 млрд. теңгеге 445 бірлік техника сатып алынды, соның ішінде 53 трактор, 16 комбайн, 7 ПК, 369 бірлік басқа техника.

Өткен жылы тәулігіне 300 мың тонна қуаттылығымен «Элеватор Тайынша» ЖШС құрама жем зауыты іске қосылды, бүгінгі таңда ауылшаруашылық жануарлары үшін құрама жем атауының 21 түрі игерілді, жобаға 1,7 млрд. теңге салынды, 70 жаңа жұмыс орны құрылды.

Мал шаруашылығы қашанда агроөнеркәсіп секторының негізгі бағыттарының бірі есептеліп, маңызды экономикалық тірек болып табылатын. Қабылданған шаралар нәтижесінде мал басының барлық түрінің, құс пен мал жануары өнімдерінің белсенді өсу қарқыны байқалады.

Ағымдағы жылдың 11 айында тірі салмақта 21,7 мың тонна мал мен құс сойылды, бұл 2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 30,8 % артық, 72,6 мың тонна сүт сауылды, 128,3 млн. дана жұмыртқа алынды.

Бүгінгі күні ауданда 7 асыл тұқымды ірі қара мал репродуктор шаруашылығы жұмыс істейді, ондағы жалпы бас саны 10,9 мың бас, оның ішінде 4 шаруашылықта бордақылау алаңдары мен жалпы саны 7272 бас болатын 7 сүт тауарлы фермасы бар, соның ішінде 2 979 сиыр. Аудандағы асыл тұқымды ірі қара мал басының үлесі 22,2% құрайды, 2021 жылы аудан фермалары бойынша бір сауын сиырына сауын 5783 кг құрады.

Қарағаш ауылындағы 400 басқа арналған сүтті тауар фермасының құрылысы «Астық-STEM» ЖШС 20 тұрақты жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді, агроқұрылымдардағы жылдық сүт өнімін өндіру 4% немесе 3,2 мың тоннаға ұлғаяды.

Ауданда қой шаруашылығы саласы дамып келеді, Амандық ауылында «Шұғыла LTD» ЖШС – 3000 басқа арналған қой фермасы, Теңдік ауылында «Қаратомар» ЖШС 4748 басқа асыл тұқымды репродуктор алынды.

Ауданда жылына 100 мың бас немесе 10 мың тонна етке «EMC Agro» ЖШС шошқа кешені жұмыс істейді. Ағымдағы жылдың маусымында жаңа корпусардың құрылыстары басталды, бұл өз кезегінде шошқа кешенін 200 басқа дейін кеңейтуге мүмкіндік береді. Қосымша 9 корпусның құрылысы жоспарлануда. Жобаның жалпы құндылығы шамамен 16,5 млрд. теңге.

ТОО «EMC Agro» ЖШС ет өңдеу кешенінің өнімдері аудан-

нан тыс аймаққа танымал. Заманауи инновациялық өндірістің қуаттылығы тәулігіне 50 тоннаға дейін ет өндіру. Өндірілетін өнім атауы 20 астам, 368 жаңа жұмыс орны құрылды. «EMC Agro» компаниясының өнімі «Lecker» сауда маркасымен «Үздік өнім FOOD EXPO Qazagstan 2022» дәмін сынау сайысында үздік деп танылып, өзінің жеке тауар белгісіне ие болды. 10 айда 123,7 тонна ірі қара мал еті өндірілді.

2017 жылдан бастап «ПТФ Есильская» ЖШС құс фабрикасы жұмыс істейді, құс саны 557,3 мың басты құрайды, 2022 жылдың 11 айында 120,4 млн. дана жұмыртқа, 309,5 тонна құс еті өндірілді.

Аудан экономикасына жаңашылдық алып келген, бір уақытта екі ірі сауда орындарының «Светофор» және «Доброцен» ашылуы.

Тайыншада бұл екі сауда нүктесінің ашылуы саудада жаңа форматты және сатып алушыларға тиімді бағаларды қамтамасыз етеді. Жаңа 22 жұмыс орны құрылды. 140 млн. теңге жеке қаражат жұмсалды.

2022 жылдың қаңтар-қарашасы аралығында ауданның өнеркәсіп өндірісінің көлемі 43,4 млрд. теңгені құрады. Нақты көлем индексі 120,4% құрады, (СКО-103,4%), 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, облыс аудандары ішінде 2 орынға сәйкес.

Тау-кен өнеркәсібінің нақты көлем индексі екі есе артты, жалпы 7,2 млрд. теңгеге кен алынған және өндірілген.

Халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында ауданда бірнеше жобалар іске асырылуда. Үстіміздегі жылы Летовочный, Макашевка, Рощинск ауылдарында жергілікті сумен жабдықтау нысандары салынып іске қосылды. Жалпы 276,1 млн. теңге қаражат жұмсалды. Нәтижесінде үш ауылдың 2,5 мың адамы сапалы сумен қамтылды.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы Киров ауылындағы Булаев топтық су құбырына қосылу арқылы тарату желілерінің құрылысын аяқтау жоспарлануда. (373 млн. теңге, 450 жуық адам)

Биылғы жылы Чкалово, Петровка, Мироновка, Ильичевка және Горькое ауылдарындағы сумен жабдықтау нысандарының құрылысы басталды. Іске қосу келесі жылға жоспарланған.

Толық көлемде есептелген қаражат бөлінген жағдайда, Краснокамка ауылында тарату желілері бар, жергілікті сумен жабдықтау көзінің құрылысы басталатын болады.

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Тайынша қаласында 2996 жеке сектордағы тұрғын үй қосылды, оның ішінде ағымдағы жылы 459 тұрғын үй қосылды. Аудандық маңызы бар автомобиль жолының ұзындығы 651 шақырымды құрайды. 2022 жылы 8 жоба бойынша 144 шақырым аудандық маңызы бар жолдарды орташа жөндеуге 1,6 миллиард теңгеден астам қаржы бөлініп, ұзындығы 1,5 шақырым болатын «Чкалово ауылына кіреберіс» 2 жол пайдалануға берілді және «Озерное ауылының кіреберісі», ұзындығы 10 км.

Биыл Тайынша қаласындағы Карл Маркс, Колхозная, Западная көшелерін қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. Екі жылдық жоба 2021 жылы іске қосылды, мердігер «Көкшетау жолдары» ЖШС, орындалған жұмыс көлемі 5,5 млрд теңгені құрады. Барлық жұмыстар аяқталды.

Летовочный ауылдық округіне қарасты Краснокамка ауылы ішіндегі жолдарының жөндеу жұмыстары басталып, мердігер «ВТВ-Тайынша» ЖШС, келісім шарт бойынша сомасы 70 млн. теңге және Петровка ауылында 258,0 млн. теңгеге келісім-шарт жасалған. Мердігер «Қуат Құрылыс Компаниясы» ЖШС. 328 миллион теңгеге екі жылдық келісім-шарт жасалды. Биылғы жылға бөлінген 43 миллион теңге 100 пайызға игерілді.

Ағымдағы жылы 5 балалар ойын алаңы орнатылды: Тайынша қаласының «Жеңіс» саябағында 40,0 млн. теңгеге, Горькое ауылында 2,2 млн. теңгеге, Краснокамка ауылында 3,8 млн. теңгеге және Тихоокеан ауылында 2,3 млн. теңге. Сонымен қатар, Краснокамка ауылында 12,6 млн теңгеге спорт алаңы орнатылды. Чермошнянка ауылында да «Оазис» ЖШС қаражатына балалар алаңы орнатылды.

Облыстық бюджет қаражатын үнемдеу есебінен қосымша 3 қалалық балалар ойын кешені орнатылды (Достық саябағы, Орталық жолақ және №3 мектепте).

2022 жылы көшелерді жарықтандыруға барлығы 390,8 млн теңге бөлінсе, өткен жылы 40 млн теңге бөлінді.

Әлеуметтік қорғау. Өмір сапасының негізгі көрсеткіші - халықтың ең осал топтарының әлеуметтік қорғалу деңгейі болып табылады.

Жалпы жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз болып 234 адам тіркелген. Бұл көрсеткіш экономикалық белсенді халық санының 1,1% құрайды.

«Мықты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында Тайынша ауданына 207 адамнан тұратын 60 отбасы көшіп келді.

Анықтама: Келген жанұялар еліміздің 8 өңірінен келді: Түркістан облысы – 12 отбасы, Алматы облысы – 6 отбасы, Жамбыл облысы – 4 отбасы, Қызылорда облысы – 9 отбасы, Маңғыстау облысы – 3 отбасы, Алматы қаласы – 2 отбасы, Шымкент қаласы – 5 отбасы, Астана қаласы – 19 отбасы. Көшіп келген жанұялардың 31 (116 адам) ауылды елді мекендерде, 29 (91 адам) қалада орналасқан. Көшіп келген 60 жанұя квотаға іліккен.

Жалпы сомасы 45 млн теңгеден астам қоныс аудару жәрдемақысы төленіп, үй сатып алу үшін (тұрғын үй



шығындарын өтеу) 16,6 млн. теңгеге жуық қаражат берілген. Бүгінгі таңда берілген жәрдемақыны пайдаланып 10 жанұя тұрғын үй иесі атанды. (Тайынша қ.-1, Келлеровка-4, Новогречановка-3, Чкалово-1 және Қарағаш-1).

Ағымдағы уақытқа тұрақты жұмыс орындарына 77 адам орналастырылды, оның ішінде ауылшаруашылық саласына – 24 адам, өнеркәсіп саласына – 1 адам, денсаулық сақтау және білім жүйелеріне 3 адамнан және басқа салаларға 46 адам.

Моңғол Халық Республикасынан көшіп келген 3 қандасымыздың жанұялары Келлеровка ауылында тұрақтады.

Білім беру. Ауданда 51 жалпы білім беретін мектеп бар: оның 27-сі орта, 15-і негізгі және 9-ы бастауыш, 5839 оқушы оқиды. 3 қосымша білім беру ұйымы бар, оларда 1242 оқушы қосымша білім алады. Анықтама үшін: балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, балалар өнер мектебі, қосымша білім беру орталығы бар. Мәдениет үйлерінде, кітапханаларда үйірме жұмыстары жүргізіліп, 704 бала қамтылған.

Мектептердегі үйірме жұмыстары мен спорт секцияларына 2908 оқушы тартылып, қосымша біліммен қамту 80 пайызды құрайды.

Инклюзивті білім беруді дамыту үшін ауданда психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, алты логопедиялық пункт бар. Тайынша қаласындағы N4 орта мектепте инклюзивті қолдау сыныбы ашылды. Балаларды инклюзивті білім берумен қамту (интеграцияланған) жалпы санынан ерекше білім беру қажеттілігі бар 377 бала бар, бұл 146 немесе 69,7%.

Ауданда 163 студент оқитын Агробизнес колледжі жұмыс істейді. Оқыту мемлекеттік тапсырыс бойынша 3 жұмысшы мамандық және 8 біліктілік бойынша жүзеге асырылады. Анықтама үшін: 1. Ауыл шаруашылығын механикаландыру: слесарь-жөндеуші, ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шебері, ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисті. 2. Тағамды ұйымдастыру: кондитер-декоратор және аспаз. 3. Объектілерді салу және пайдалану: құрғақ құрылыс шебері, кең профилді құрылыс шебері, әрлеу құрылыс жұмыстарының шебері.

Аудан мектептерінде жаңа модификациядағы 67 оқу кабинеті, 25 интерактивті тақта бар.

51 мектепте ыстық тамақ ұйымдастырылып, балаларды қамту 100 пайызды құрайды. 1142 бала немесе 20 пайызы тамақты тегін алады.

1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 82,4 пайызы мектепке дейінгі тәрбиемен және біліммен қамтамасыз етілсе, 3-6 жас аралығындағы балалардың 100 пайызы қамтылған. Мұнда 345 орындық үш балабақша, 140 орындық екі балабақша, 649 орындық 46 шағын орталық бар.

Ауданда 240 спорт нысаны бар. Өткен 2021 жылмен салыстырғанда спорт нысандарының саны 3 бірлікке артты, өткен жылдың қазан айында Тайынша қаласында 2 стрит воркаут алаңы (Достық саябағының орталық аллеясы, спорт және спорт алаңы аумағы) пайдалануға берілді. демалыс орталығы).

Дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде 13990 адам (34%) айналысады.

Облыста спорттың 51 түрі, оның ішінде 16 олимпиадалық, 9 ұлттық және 14 арбаға арналған спорт түрлерімен айналысады. Секциялардың жалпы саны 420, жалпы саны 6860 адам қамтылған. Жаттықтырушылар мен оқытушылардың жалпы штаты 286 адамды құрайды.

Тайынша қаласында бокс, күрес залдары мен спорт залы бар 4 жолақты жүзу бассейнінің құрылысына сараптама дайын.

Тайынша қаласында жабық мұз кортын ашуға дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Тайынша қаласында салтанатты түрде алғашқы тарихи өлкетану мұражайы ашылды. Мұражайда жиналған барлық ақпарат ауданымыз туралы ақпарат көзі болып қызмет етеді, балаларға патриотизм рухында тәрбиеленуге мүмкіндік береді, ауданымыздың әрбір тұрғыны өлкеміздің дамуы туралы ақпарат ала алады.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ ЖИЫРМА БІРІНШІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

26 желтоқсанда АМАНАТ партиясының ғимаратында жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті жиырма бірінші сессиясы Тайынша ауданы әкімі Б. А. Әлжановтың қатысуымен өтті. Сессия жұмысына: экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б. Ә. Сәрсембаев, Тайынша ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Ж. М. Сағатов, Тайынша қаласының және ауданның ауылдық округтерінің әкімдері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Сессия Aitube платформасы арқылы тікелей эфир-

де көрсетілді. Сондай-ақ аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өтті. Күн тәртібінде бірнеше мәселе қаралды. Атап айтқанда, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының «Жетінші шақырылған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының хатшысын сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы; Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2023 - 2025 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы; 2023 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге

және тұраға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдауды көрсету туралы. Күн тәртібіндегі белгіленген барлық мәселелер бойынша ақпараттар тыңдалып, мәслихат депутаттарының қолдауына ұсынылды. Сонымен бірге Тайынша ауданы әкімдігі жанындағы комиссиялардың дербес құрамдары бекітілді.



«АУЫЛДЫҚТАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ ЖАҒДАЙЫ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНАН КЕМ БОЛМАУЫ ТИІС»

Аманат партиясының Тайынша аудандық филиалы ғимаратында аудан әкімі Берік Әлжановтың қатысуымен қоғамдық кеңестің отырысы болып өтті. Күн тәртібіне сәйкес «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Тайынша аудандық филиалының мемлекеттік қызмет көрсету сапасы туралы есеп берілді.

Жиында сондай-ақ қарашаның 17 жұлдызында өткен қоғамдық кеңестің отырысында Халықты жұмыспен қамту орталығы мен Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне берілген тапсырмалардың орындалу барысы бойынша ақпарат тыңдалды.

Сөз кезегінде аудан әкімі Берік Әлжанов аудандық кеңес мүшелерінің назарына өңірде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай бойынша қысқаша ақпарат ұсынды.

«Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан қыруар жұмыстар атқарылып жатыр. Атап айтқанда, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар сәтті жүзеге асырылуда. Осы орайда тұрғындармен кездесіп, қордаланған мәселелерін назарға алу – жұмысымыздағы басым бағыттардың бірі екенін атап өткім келеді. Халық тарапынан көбінесе жол құрылысы, таза ауыз сумен қамту, жарықтандыру мәселелері жиі көтеріледі», – деді аудан басшысы. Қоғамдық кеңес отырысы барысында жол мәселесі де сөз болды. Б.Әлжановтың айтуынша, аудан көлемінде жүргізіліп жатқан жол жөндеу жұмыстары өз кезегінде өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін арттыра түспек.

«Жалпы ұзындығы 600 шақырымды құрайтын аудан ішілік жолдардың қатарындағы Виноградовка – Ясная Поляна – Кирово, Ясная Поляна – Зеленогай – Тихоокеанское бағытында жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жұмыстарды келесі жылы аяқтау көзделіп отыр. Алдағы уақытта Кантемирово-Котовское бағытында жол жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарда бар. Аталған жұмыстар Мемлекет басшысының тапсырмасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады», – деді Б.Әлжанов.

Таза ауыз сумен қамту мәселесіне тоқталған аудан әкімі өңірде су тарату желілері тартылып жатқанын тілге тиек етті. Ауылдар мен аудан орталығы Тайынша қаласындағы жарықтандыру және жылыту жүйесімен қамту мәселесі де аудан әкімінің назарында. Бүгінгі таңда елімізде орын алған жылыту қазандықтарына қатысты жағдайға байланысты аудандағы жылыту жүйелерінің жағдайы да үнемі бақылауда. «Ауылдықтардың өмір сүру жағдайы қала тұрғындарынан кем болмауы тиіс», – деді әкім.

Аудан жетекшісі Берік Әлжанов Мемлекет басшысы тарапынан халыққа қызмет көрсетуге баса назар аударылып отырғанын атап өтті. Аудан басшысының пайымдауынша, ауылдық елді мекендерден келетін тұрғындардың уақытын барынша үнемдеп, көрсетілетін қызметті барынша қолжетімді әрі сапалы ету маңызды. Осы ретте Жұмыспен қамту орталығының директоры Сәуле Жәкенова көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерін электрондық форматқа ауыстыру бойынша жұмыстар жалғасып жатқанын атап өтті. Бүгінгі таңда орталық мамандары келіп түсетін өтініштер бойынша күнделікті мониторинг жүргізіп, қызмет

көрсету мерзімдерін бақылауда ұстайды екен. Сөз кезегінде Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жетекшісі Ольга Нероба мемлекеттік қызмет көрсету бойынша халық аррасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары сәтті жүзеге асырылып жатқанын тілге тиек етті. Атап айтқанда, аудандық газет беттерінде, сондай-ақ мекеменің интернет-ресурсында ақпараттық хабарламалар мен мақалалар тұрақты негізде жарияланып тұрады. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы Тайынша аудандық филиалының мемлекеттік қызмет көрсету барысында атқарылған жұмысына тоқталатын болсақ, аталған мекемемен жыл басынан бері әлеуметтік-құқықтық сипаттағы 1436 өтінім өңделген. Оның ішінде, 1258 өтінім ел тұрғындарынан, 148 – Ресейден, 17 – ТМД мемлекеттерінен, 13 – Германия мен Польша мемлекеттерінен келіп түскен.

«Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын одан әрі жетілдіре түсу мақсатында филиал қызметкерлері үшін үнемі оқыту семинарлары ұйымдастырылып тұрады. Қандай да бір әкімшілік тосқауылдар мен сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу мақсатында, сонымен бірге халыққа жайлы жағдай жасау үшін мемлекеттік мекемелер мен ауылдық округ әкімдіктерінде өзіне-өзі қызмет көрсету зоналары ашылған. Мұндай зона біздің де филиалда қарастырылған», – деді Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы Тайынша аудандық филиалының директоры Абай Тастеміров.

АУДАН ӘКІМІ БҮЛДІРШІНДЕРДІ ЖАҢА ЖЫЛМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ




Тайынша қаласының №5 орта мектебінде «Қош келдің, Жаңа жыл» атты балалар шыршасы өтті.

Ертегілер мен мультфильмдердің кейіпкерлері балалардың көңілін көтеріп, театрландырылған көрініс ұсынылды. Жаңа жылдық шыршаның қасында аудан әкімі Берік Әлжанов бүлдіршіндерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

«2023 Жаңа жыл да жақындап қалды. Бұл баршаға көтеріңкі көңіл-күй мен үлкен үміт сыйлайтын ерекше сәт. Екі жыл тоғысында айтылған тілектер әдетте орындалады. Жаңа жылдан барлығы жақсылық күтеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды Балалар жылы деп жариялады. Мемлекет басшысы өскелең ұрпаққа үлкен үміт артып, балаларға ерекше көңіл бөлу керектігін үнемі айтып отырады», – деді Берік Ақылжанұлы шырша маңында бүлдіршіндерді құттықтап.

Мерекелік шарада жаңа жылдық әндер шырқалып, билер биленді. Аудан әкімі балаларға арнайы мерекелік сыйлықтар табыс етті.



Құрметті тайыншалықтар және қала қонақтары! Сіздерді 31 желтоқсан күні сағат 19.00-де Достық алаңында өтетін жаңа жылдық мерекелік шараға шақырамыз. Сағат 20.00-де сіздерді театрландырылған көрініс пен Аяз Аталар мен Ақшақарлардың шеруі күтеді! Сағат 21:00-де Жаңа жылдық отшашу! Келіңіздер Жаңа 2023 жылды бірге қарсы алайық!





Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндері

- 1, 2 қаңтар – Жаңа жыл
- 7 қаңтар – Христостың Православиелік Рождествосы
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр – Отан қорғаушы күні
- 9 мамыр – Жеңіс күні (Ұлы Отан соғысында)
- 6 шілде – Астана күні
- 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні
- 25 қазан – Республика күні
- 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

Қазақстан Республикасындағы кәсіби және өзге де мерекелер

- Ғылым қызметкерлері күні – 12 сәуір
- Мәдениет және өнер қызметкерлері күні – 22 қыркүйек
- Саяси қуғын-сүргін және аштық құрбандарын еске алу күні – 31 мамыр
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күні – 4 маусым
- Эколог күні – 5 маусым
- Қаржы полициясы күні – 6 маусым
- Полиция күні – 23 маусым
- Жеңіл өнеркәсіп қызметкерлері күні – маусымның екінші жексенбісі
- Медицина қызметкерлері күні – маусымның үшінші жексенбісі
- Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні – 28 маусым
- Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлері күні – 13 шілде
- Металлург күні – шілденің үшінші жексенбісі
- Көлік қызметкерлері күні – тамыздың алғашқы жексенбісі
- Құрылысшылар күні – тамыздың екінші жексенбісі
- Спорт күні – тамыздың үшінші жексенбісі
- Білім күні – 1 қыркүйек
- Қазақстан халқының тілдері күні – қыркүйектің үшінші жексенбісі
- Атом саласы қызметкерлерінің күні – 28 қыркүйек
- Әділет органдары қызметкерлерінің күні – 30 қыркүйек
- Ұстаздар күні – қазанның бірінші жексенбісі
- Құтқарушылар күні – 19 қазан
- Кітапханашы күні – 24 қазан
- Ұлттық валюта теңге күні, Қазақстан Республикасы Қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі – 15 қараша
- Прокуратура күні – 6 желтоқсан
- Энергетик күні – желтоқсанның үшінші жексенбісі

Қаңтар						
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30	31					

Ақпан						
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28					

Наурыз						
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

Сәуір						
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30

Мамыр						
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31				

Маусым						
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30		

Шілде						
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31						

Тамыз						
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

Қыркүйек						
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	

Қазан						
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30	31					

Қараша						
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30			

Желтоқсан						
дс	сс	ср	бс	жм	сн	жс
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қаржымызды басқара білу өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Балаларымызға ақшаға деген дұрыс қатынасты неғұрлым ерте үйретсек, соғұрлым оларды бюджетін және шығындарын дұрыс өз бетінше жоспарлай білуге тезірек тәрбиелейміз.

Fingramota.kz қаржылық сауаттылыққа және ақшаға деген дұрыс қатынасқа бала кезден тәрбиелеудің маңызды екенін айтып береді.

Ата-аналардың балаларын қаржылық сауаттылықтың негіздеріне үйретуінің негізгі сегіз ережесі

№ 1 ереже. Үлгі болыңыз. Ағылшынның мақалы «Балаларды тәрбиелемеңіз – олар бәрібір сізге ұқсайтын болады. Өзіңізді тәрбиелеңіз» дейді. Мұнымен келіспеуге болмайды, себебі балалар көбіне ата-аналарының істегенін қайталайды.

Сондықтан да басты кеңес – сіз қаржылық тұрғыдан сауатты болыңыз. Егер өзіңізде бюджетті жоспарлаудың қарапайым дағдылары болмаса, балаларыңыздың ұзақ мерзімді жоспарлаудың не екенін түсінуі қиындау болады. Егер отбасыңызда қаржы мәселесі реттелген болса, балаңыз да есейгенде соған ұмтылады.

№ 2 ереже. Ақша жайында ойын түрінде айтып беріңіз. Ойын – бұл уақыт өткізу әрі оқыту. Баланы ойын арқылы үйрету жеңіл әрі жылдам.

Қарапайым ойындардан бастаңыз:

Ақшаның түрі қандай? Балаңызға мынадай ойын ұсыныңыз: екеуіңіз қазына тауып алдыңыздар делік. Мұндағы ақшаның шынайы не жалған екенін қайдан білуге болады? Шынайы және «сувенир» ақшаны пайдалануға болады. Балаңызға купюралардың шынайылық белгілері, оларды ажырата білу, әріптерінің салынуы, сұтамғы белгілері және басқа да қорғаныш белгілері жайында айтып беріңіз.

Ақша қайдан алынады? Ақшаның ағашта өспейтінін, «банкоматтан» алына қоймайтынын түсіндіріңіз. Мамандықтар жайында айтып беріңіз. Ақшаның «аспаннан түспейтінін» бала түсінуі қажет. Мамандық таңдау ойыны сияқты ойын ұйымдастыруға болады. Балалар мамандық таңдап, бір біріне көрсеткен қызметтер үшін ұсақ купюраларды не тиынды пайдаланып, ақысын төлейді.

Ақшаға не сатып алуға болады? Қарапайымнан бастаңыз: азық-түлікті, ойыншықты және өмірімізге қажетті заттарды ақшаға сатып аламыз. Дүкен ойынын ойнаңыздар: түрлі тауардың (ойыншықтардың) бағасын жазып қойыңыздар. Біреуіңіз – сатушы, екіншіңіз – сатып алушы болыңыздар. Бағасы – бала заттың оңайлықпен алына қоймайтынын, оның алдымен ақысын төлеу керек екенін түсінуі қажет.

№3 ереже. Балаңызды ақша жинап жүргені үшін көтермелеп қойыңыз. Бала таңдау жасай білуі қажет – қажет емес, нақ сол кезде қалаған нәрсесін алған дұрыс па не маңызды әрі бағалы зат алғаны дұрыс па? Мәселен, күнде көмпит ала бермей, ақшасын жинап, айдың соңында жаңа ойыншық алу.

Балаңыздың армандап жүрген затын алуы үшін ақша жинауға үйретіңіз. Мұндайда сізге ақша қоржын немесе қарапайым шыны банка (монеталар мен купюралардың көбейіп жатқанын көру үшін), жасөспірімдерге – банк депозиті

(бұл жайында Fingramota.kz келесі жарияланымдарында айтып береді) көмектеседі.

№4 ереже. Қалтапұл беріп тұрыңыз. Үйренудің ең жақсы тәсілі – тәжірибе. Қалтапұл – қаржылық сауаттылықты үйретудің үздік тәсілі. Мынадай ережелерді белгілеп алған маңызды: тек қана айтылған соманы және белгілі кезеңде беру (аптаның кез келген күнін таңдайсыз).

Ақшаны қалай жұмсауға болатынын міндетті түрде айтып беріңіз: оларды апта бойы жұмсау, ірі саудаға жинау, банкке салу және сол үшін пайыз алу.

Ережені бұзуға болмайды. Егер бала барлық ақшасын бір күннің ішінде жұмсап қойса, ақшасыз отыра тұруға тура келеді. Бірақ берілген ереже баланың бастапқы қажеттіліктеріне қатысты емес (жол шығындары, мектептегі түскі ас).

№ 5 ереже. Балалардың өз бетімен сауда жасауына сеніңіз. Бала белгілі бір сома жинаған кезде, мысалы ойыншыққа делік, оған өз бетімен ойыншықты таңдап, оның ақысын төлеуге мүмкіндік беріңіз. Ол бұл сезімді есіне сақтап алады да, мақсатына өз бетімен қол жеткізгені үшін бойын мақтаныш кернейтін болады.

Оларды саналы әрі ұқыпты болуға, бағаларды салыстырып, сапасына зақым келтірмейтіндей үнемдеуді үйретіңіз. Алдымен кез келген сауданы ата-ананың көзінше жасау қажет, содан кейін өз бетімен жасауға рұқсат беруге болады.

№ 6 ереже. Өз бюджетіңізді басқаруды үйретіңіз. Балаға сіз берген ақша немесе туыстары туған күніне сыйға берген ақша – толығымен өзіңкі екенін түсіндіріп айтыңыз. Демек, кез келген шешім үшін бала өзі жауапты болады.

Өзіңіздің мысалыңыз арқылы отбасылық бюджетті қалай жүргізетініңізді, еңбек ақысын қалай үлестіретініңізді айта аласыз. Қанша ақшаңыз міндетті төлемдерге кетеді, қаншасын еңбек демалысына сақтап қоясыз.

№ 7 ереже. Баланың қателесу құқығын сыйлаңыз. Балаңыздың заттарға, соның ішінде ақша мәселесіне келгенде көзқарасы сіздің көзқарасыңыздан ерекше болуы мүмкін. Оның пікірін сыйлаңыз. Оның жасаған әрекеттерін ешқашан сынамаңыз. Оған өз қателіктері арқылы үйренуге рұқсат беріңіз және қажет болған жағдайда ақыл айту арқылы көмектесіңіз.

Мысалы, егер ол қандай да бір маңызды әрі ірі саудаға жинауға жоспарлаған ақшасын бір сәттік қалауына жұмсаған болса, оған ұрыспаңыз. Ол үшін енді ақша жинау мерзімі қаншалықты ұзарғанын бірге санаңыздар да, ақша табудың жаңа мүмкіндіктерін табуға көмектесіңіз.

№ 8 ереже. Қосымша табыс нұсқаларын ұсыныңыз. Жұмысты бірден белгілеп, соманы анықтаған дұрыс. Мысалы: міндетті түрде итпен серуендеп келу, үй жануарларын күту, бауырлары мен қарындастарына қарау, апасына бақшада көмектесу және көптеген басқа нәрселер. Ең маңыздысы, сіз «тарифтерді» көңіл-күйіңізге қарай ауыстырмауыңыз керек.

СҚО бойынша ҚР Қаржы нарығын реттеу және даму Агентігі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ

1-сұрақ: Мемлекеттік қызметшілер өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде қандай жауапкершілікке тартылады?

Жауабы: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы 43-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметшілер өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

2-сұрақ: Менде коммерциялық ұйымның құрамында акциялар бар. Бұл мемлекеттік әкімшілік қызметке орналасу кезінде кедергі бола ма?

Жауабы: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, бұл Сіз үшін мемлекеттік қызметке кіру кезінде кедергі болмайды. Алайда, 13-бабының 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік қызметші мемлекеттік лауазымға кірген күннен бастап Сіз күнтізбелік отыз күн ішінде осы адамға заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүлктік жалдауға берілген мүлкті қоспағанда, өз меншігіндегі, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлестерді, акцияларды (акцияны) және пайдаланылуы кірістер алуға әкелетін өзге де мүлкті мемлекеттік қызметті өткеру уақытында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сізге, сондай-ақ мүлктік жалдауға берген мүлікке сенімгерлік басқаруға беруге міндетті боласыз. Мүлкті сенімгерлік басқару шарты нотариатта куәландырылуға жатады. Мүлкті сенімгерлік басқару шартының нотариат куәландырылған көшірмесін мемлекеттік қызметші нотариат куәландырылған күннен бастап он күн мерзімде жұмыс орнындағы персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) ұсынады.

3-сұрақ: Бір мемлекеттік органда мемлекеттік қызметте екі бос лауазым бар. Конкурстан сәтті өткен кезде мен жұбайыммен бірге осы лауазымдарды атқара аламын ба?

Жауабы: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы 13-бабының 7-тармағына сәйкес, Сіз бос лауазымға орналаса аласыз, бірақ мемлекеттік қызметші өзінің жақын туыстары (ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері), жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары және балалары) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты болатын лауазымды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысында бола алмайды.

Дархан ЕРМЕКОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі СҚО бойынша департаментінің бас маманы.

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА

Өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын сою Заңы 8-бабының 44-тармақшасына сәйкес бекітілген ветеринариялық-санитариялық нормаларға және дайындауды (жануарларды сою) жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық талаптарға сәйкес келетін мал сою пункттерінде немесе ет өңдеу кәсіпорындарында жүзеге асырылады, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтау, өңдеу және өткізу. Соғар алдында ауылшаруашылық жануарлары сою алдында ветеринариялық сараптамадан және сойылғаннан кейін өлекселер мен органдардың ветеринариялық-санитариялық сараптамасынан өтеді. Кейін ветеринариялық сараптаманың қорытындысы бойынша ұшаға «алдын ала сараптама» деген мөр басылады. Ауыл шаруашылығы жануарларын сою жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат өндірістерінде жануарларды өсіруді, жануарларды дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне есептік нөмірлер беру қағидаларына сәйкес есептік нөмірлері берілген сою пункттерінде, сою учаскелерінде жүргізіледі.

Малды сою орындарында сою кезінде ветеринарлық дәрігерлермен:

1. союға қабылданған ауыл шаруашылығы жануарларына ілеспе ветеринариялық құжаттың (ветеринариялық сертификат) болуын тексеру.

2. Ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірі, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларына сәйкес берілген ветеринариялық паспортты және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорда жүргізілген ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар мен диагностикалық зерттеулер туралы мәліметтердің болуын тексеру.

3. Ветеринариялық ережелерге сәйкес ауылшаруашылық жануарларын термометриямен өлгенге дейінгі ветеринариялық тексеру және өлекселер мен ағзаларды өлгеннен кейін ветеринариялық сараптау, ұшаларды таңбалау.

4. Сою учаскесінде (ауыл шаруашылығы жануарларын сою учаскесінде) ауыл шаруашылығы жануарларын сою нәтижесінде алынған ұшалар мен ағзалар өткізу алдында ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өтеді. Естеріңізде болсын, өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сай келмейтін жерлерде союға жол берілмейді. Үйде союға тыйым салынады.

Тайынша ауданының ветеринарлық станциясы.

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы 2022 жылғы 4 тоқсанда мемлекеттік кірістердің жекелеген басқармаларында салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізді. «Тайынша ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы» РММ-де жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша белгіленген қаржылық бұзушылықтар сомасы 41,4 млн.теңгені құрады, сонымен қатар жергілікті бюджеттің шығыны 0,8 млн. теңгені құрады, сондай-ақ рәсімдерді орындау тәртібін бұзушылық және 4 жүйелік кемшілік. Мемлекеттік аудит барысында жергілікті бюджетке 41,4 млн. теңге немесе бұзушылықтардың белгіленген сомасынан 100,0% түсті.

Жүргізілген мемлекеттік аудит Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық және өзге де заңнамасының нормаларын сақтауының жеткіліксіз деңгейін көрсетті.

Белгіленген бұзушылықтар мен кемшіліктер аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсер етеді.

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша 2018 жылдан басқа жергілікті бюджетке салық түсімдерінің болжамды көрсеткіштерінің орындалуы анықталды, онда 5 329,5 мың теңгеге немесе 0,3% - ға орындалмау байқалады, сондай-ақ 2017 жылға қатысты түсімдердің 128 693,6 мың теңгеге немесе 7,0% - ға төмендеуіне жол берілгенін атап өткен жөн. Жоспарды орындамаудың негізгі себептері-кейбір салық төлеушілердің салық міндеттемесін орындамауы.

Салық берешегінің жыл сайынғы өсу үрдісі байқалады, егер 2018 жылғы 1 қазанда берешек 155,2 млн.теңгені құраса, 2022 жылғы 31 тамызда салық берешегі 495,8 млн. теңгені құрады.

Салық кезеңдері ішінде есепті кезең жабылғанға дейін салық төлеушілер салық есептілігінің нысандарын ұсыну арқылы салық берешегін негізсіз төмендететіні анықталды, бұл бюджет алдындағы нақты берешектің бұрмалануына әкеледі.

Аудит барысында салық төлеушілердің салық есептілігі нысандарымен көптеген айла-шарғы жасалды, бұл салық міндеттемесін орындаудан жалтаруға әкеледі, нәтижесінде бюджетке түсуге теріс әсер етеді.

Аудит салық заңнамасы нормаларының орындалуына тиісті емес салықтық бақылау бөлігінде салықтық әкімшілендіруде кемшіліктерді анықтады, камералдық бақылауды тиісті деңгейде жүргізбеу, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін жұмыста жеткілікті тиімді пайдаланбау салық төлеушілерге салық міндеттемелерін орындаудан жалтаруға мүмкіндік береді, бұл жекелеген жағдайларда бюджет шығындарына әкеп соғады.

Жүргізілген мемлекеттік аудит барысында салық заңнамасын бұзу фактілері бойынша ӘҚБТК-де көзделген әкімшілік жауапкершілік шаралары толық көлемде қолданылмайтыны анықталды: 51 жағдайда ӘҚБТК-нің 272-бабы бойынша салық заңнамасында белгіленген мерзімде салық есептілігін ұсынбағаны үшін; салық агенттерінің көзден салық салынатын кірістерден жеке табыс салығын бюджетке уақтылы аудармағаны үшін 58 жағдайда ҚР ӘҚБТК 279-бабының 2-бөлігі бойынша төлемдер.

Айта кету керек, салық органдарына жүктелген міндеттерді толық көлемде орындамау, сондай-ақ Басқарманың өз құзыреті шегінде шараларды толық көлемде қолданбауы жергілікті бюджетке кірістердің толық емес және уақтылы түсуіне, сондай-ақ жергілікті бюджеттің шығындарына әкеп соқтырды, бұл салықтық әкімшілендірудің тиімділігінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Мемлекеттік аудит нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша аудит объектісінің басшысына бұзушылықтар мен ұсынымдарға жол берген лауазымды адамдардың жауапкершілігін қарау туралы нұсқама Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне, Тайынша аудандық мәслихатына, мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне қарау және шаралар қабылдау үшін жіберілді.

Марат ЕБЖАНОВ,
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі.

БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТІСІ БОЙЫНША КҮДІККЕ ІЛІНДІ

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімінің басшысы С.М. Рамазановаға қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыс жасау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеуді жүргізуде.

Петропавл қаласының мамандандырылған тергеу сотының санкциясымен С.М. Рамазанова қамауға алынды.

Өзге ақпарат ҚР ҚПК-нің 201-бабына сәйкес жария етуге жатпайды.

АУЫЛЫМ-АЛТЫН БЕСІГІМ

Халқымызда «Туған жердей ел болмас, туған елдей ел болмас» деген қанатты сөздердің бар екенін білеміз. Туған ауылымызда қаншалықты адал қызмет етіп, ауылдастарымыз кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық тірліктер атқарып жатыр. Қазір ауылдық елді мекенімізде ауылымыздың азаматтарының бастамасымен, демеушілермен бірқатар жауапты істердің атқарылып жатқанын құлағымыз естіп, көзіміз көріп жүр. Қыс-көктем мезгілдерінде қар мен жауын-шашын мөлшерінің аз болуына байланысты Аймақ ауылымызда қуаңшылық жағдай орын алды. Өйткені биыл жарытып жаңбыр да жаумаған еді. Мал бағу оңай шаруа емес, мал азығы мәселесін шешуге байланысты, ауыл тұрғындарының көмегімен жолдың арғы жағынан құдық қазылды.

Сонымен қатар мектеп алдында Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай Аймақ ауылымызда соғыс кезінде еңбек сіңірген баатыр аналар, Аймақ ауылының соғыстан қайтпағандар және Тыл еңбеккерлеріне арнап мемориалды тақта қойылды.

Жұмағұлов Қ.Қ., Тұрғұмбаев Ж.Т., Тасимов С.С., Абишев З.К., Құттығожин О.С.

Аубакиров Е.Қ., Тұрғұмбаев Т.Е., Таукен Қ.Қаирова А.С., Тажғұлов Марат Е.

Тұрғұмбаев Марат Т., Бакиров Ерік С. және теміржолшыларға, барша ауыл тұрғындарына, әсіресе қарияларымыздың, алыста жүрген ел азаматтарының алғысы шексіз.

Биылғы жылы Аймақ негізгі мектебінің төңірегінде теміржолшылар күні жылдағыдан ерекше аталып өтті, кигіз үй тігіліп, арнайы концерттік бағдарлама мен спорттық ойындар ұйымдастырылды. Іс-шараға белсенділік көрсеткен теміржол қызметкерлері мен Аймақ негізгі мектеп ұжымы және ауыл жастары болғанына көпшілік куә. Туған жерімізде өткен мерекелік іс-шаралар шынымен де, кейінгі жас ұрпаққа үлгі деп ойлаймыз. Келешекте кейінгі жас буын алдыңғы аға ұрпақтық ісін, еңбегін жалғастырады деп сенеміз. Ауылым – алтын бесігім, – деп ақындар жырласа, біз өз ауылымызды, ауылымыздың тыныс – тіршілігін мақтанышпен айта аламыз.

Мектебіміздің қазандығын ауыстыруға да ат салысқан мектебіміздің ұжымына және ата-аналарға ризашылығымыз шексіз. Ата-аналарды ұйымдастырып көмектескен мектебіміздің қамқорлық кеңес мүшелері: Бакирова Айгүл, Қабышева Махаббат. Ауылымызға және мектебімізге көмектерін аямайтын жаңашыр азаматтар мен азаматшаларға мың Алғыс!

Жібек ТҰРҒУМБАЕВА,
Аймақ ауылының кітапханашысы.



ЕРТЕГІМЕН ЕСЕЙГЕН «БОЛАШАҚ»

Бала тәрбиесінде ертегіні қолданудың тиімді жақтары аз емес. Бірінші кезекте ертегіні балаға оқу арқылы жеткіземіз. Әр сөзді, әр сөйлемді мәнерлеп оқып, оның мағынасына тоқталып, түсіндіреміз. Одан кейін міндетті түрде тереңірек түсіндіру үшін шағын сахналық көрініс жасаймыз. Саналы, өскелең ұрпақ тәрбиелеу-әрбір тәрбиешінің міндеті. Баланың ой-өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына балабақша тәрбиешілерінің сіңіретін еңбегі орасан зор. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алды десек те, ғылымға негізделген әдіс – тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан – жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе, балабақшадағы тәрбие- бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті, мағынасы өшпейтін із қалдырады. Балабақша жасындағы балаларды жан-жақты дамыту кезінде ертегінің алатын ролі өте зор. Ертегі – қай халықтың фольклорында да ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа тараған мол мұра. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі, арман тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақ та ол баланың ой қиялын ұштайды. Мінез-құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, тілін дамытып, сөздік қорын қалыптастырады. Қазақ халық ертегілері жас ұрпақты тәрбиелеумен қатар, олардың бойына өз халқының игілігін дарытып, ана тілінде ойлау және мәдениетті сөйлеуіне, сауатты жазу дағдыларына барынша мол әсерін тигізеді. Сонымен қатар, ертегі жас бүлдіршінді қызықтырады, дұрыс сөйлеуге үйретеді, логикалық ойын жетілдіреді. Адамның балалық шағы ертегімен тығыз байланысты. Біз әжемізден ертегі айтып немесе оқып беруді жиі сұраймыз. Сиқыры бар оқиғаларды тыңдауды тағаттана күтеміз. Көңілді де аянышты, қорқынышты да күлкілі ертегілер бізге біраздан таныс. Бір қарағанда жәй кішкентай ғана әңгіме сияқты, ал шын мәнінде осы әңгімелерде халық даналығы, мейірімділік пен зұлымдық туралы түсінік жатыр. Кейде өмірде қиын жағдайлар кездесіп жатады. Не істеу керек? Қандай дұрыс шешім қабылдау керек? Осы сұрақтарға да жауапты ертегіден табуға болады. Ертегілер бізге сонау ерте заманнан келді. Ертегіге біз сенеміз, ондағы оқиғалар кейде өзмізбен болып жатқандай, қорқынышты жерінде көзімізді жұмамыз. Ең негізгісі – бәрі де жақсы аяқталатынына сенеміз. Ертегі тыңдау арқылы бала оған еліктейді, өзі де ертегінің басқа түрін, ойлап шығарады. Түйсік қабілеттері дамиды. Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала ақылды, зерек, терең ойлы, зейінді болып өседі. Ертегі жаңа өскін балауға буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жасына лайықты, ертегі, жұмбақ жаңылтпаш, әңгіме естіп өсуі – олардың сөздік қорының молаюына, ақыл-ойының жетілуіне дыбыстарды дұрыс айту мәдениетіне әсер етеді. Өйткені, бала ертегідегі жақсы кейіпкерге еліктеп батыр, шыдамды, ақылды, кеңпейіл болғысы келеді. Балалардың ең сүйіп тыңдайтын дүниесі – ертегі қайталап айту арқылы баланың сөздік қоры дамиды. Бұрынғы уақытта балалар көбінесе ата-әже бауырында үлкендердің ертегі, әңгімесін тыңдап, зейін қойып өскен. Ол балалар үлкенге құрмет, кішіге мейірімді, ілтипатты болған. Қазір көбінесе теледидар немесе компьютер алдында отырады да кино, көпсериялы мультфильмдер көреді. Ертегі - мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін театр түрлерін қолдану арқылы дамыту болып табылады. Сол арқылы балалардың тіл байлығын арттырып, сөйлеу мәдениеті мен дүниетанымын дамытып, балаларды адамгершілікке тәрбиелейміз. Ертегілерді пайдалана отырып, балалардың ой-өрісін дамытамыз, сонымен бірге көркем шығармаларға деген қызығушылықтарын арттырып, ертегіні тыңдай білуге, есте сақтауға, түсінуге, рөлге бөліп, әдемі сөйлей білуге үйретеміз. Балабақшадағы балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, ертегі қойылым, жалпы сахна туралы түсінік



беріп қызығушылығын арттырамыз. Ертегі қойылымдарын сахналауға үйрету кезеңдерінде балалардың ертегі кейіпкерлерін ойнау арқылы өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілігін арттырамыз. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтан баланың жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін театрландырылған қойылымдар мен театрландырылған ойындардың пайдасы зор екенін тәжірибеден көріп отырмыз. Қай бала болмасын, әр нәрсеге құмар, қызыққаш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Сондықтан әр баланың жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуына театрландырылған ойындар арқылы да жетілдіруге болады.

Бүлдіршіндер өте әсершіл келеді. Естіген ертегі мазмұнын есте сақтап, әділдікке сену, біреуге жақсылық жасау, көмектесу сияқты қасиеттерге ие. Балаға күнделікті жылы дауыспен айтқан ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, күлдіргі әңгімелер сәбидің жан дүниесіне әсер етіп, ізгі қасиеттерін дамытып, ақыл – ойын жетілдіреді. Ертегі арқылы еңбекке, шыншыл болуға, туған жерін сүюге, батыр да батыл болуға тәрбиелеу біздің басты міндетіміз. Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала ақылды, зерек, терең ойлы, зейінді болып өседі. Ертегі жаңа өскін балауға буынның сана – сезімін оятып, ақыл – есін дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді.

Міне, осылайша ертегімен есейіп келе жатқан жас бөбектер мекені – балабақшалар біздің аудан көлемінде де бар! Кез келген балабақша, бөбекжай-бақшасы, мектепке дейінгі орталықтар өз алдына тәрбие мектебі десек артық емес. Сондай бөбектер мекенінің бірі- «Болашақ» Бөбекжай-бақшасы. Ең алғашқы ашылған жылдан бастап, қаншама жас бүлдіршіндерді тәрбиелеп, мектепке бейімдеп, қалыптастырған бұл бөбекжай – бақшаның аудан көлеміндегі орны бөлек, ерекше. Соңғы 5 жылда мекемеге басшылық жасап отырған Гизеева Гүлмира Олжабайқызы бала жанын ерекше түсінетін, жаны жайсаң, білікті басшы. Ұжымдағы 70 адаммен ортақ тіл табысып, жұмысы өрге басқан білікті басшы 24 тәрбиеші мен 34 негізгі теедагог маманмен бірлесіп жұмыс жүргізеді. Ата-аналар тарапынан да айтылған алғыстар шексіз. Басының орыбасары, әдіскер Самал Арманқызы Кабиеваның да ұжымдағы қызметі қазіргі заман талабына сай. Жас маман өзінің бар білімі мен еңбек тәжірибесін бірнеше рет дәлелдеп, өзін жақсы жақтарынан

(Жалғасы 9-бетте).

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ НЕГІЗІ – БАЛАБАҚШАДА ҚАЛАНАДЫ

Әрбір адамның еңбек ету ұстанымы өз алдына ерекше болады. Осы мақсатта біздің балабақшамызда біршама тәрбие жұмысымен айналысатын адамдар баршылық. Адами қасиеттермен қатар, олардың еңбегін де бағалай білетін кәсіподақ ұйымымыз да жұмыс жасауда. Мен сол ұйымның белсенді мүшесімін. Кәсіподақ төрайымы И.С.Шылдыкенова - тәжірибелі, әр қызметкерге жаны аштын адамгершілігі мол адам. Адамзат үшін маңызды болған қамқорлық, қорғау, сүйеу болу құндылықтары ұйымның ең басты бағыттары болып табылады. Кәсіподақ қозғалысын жетілдіру ретінде қордаланған мәселені заң шеңберінде шешіп, адам өмірі мен еңбек жағдайын жақсартуға ат салысудамыз. Тәуелсіздікпен кәсіподақ қатар жүріп ел және еңбекші халықтың игілігі үшін дамып келе жатқан қос құрдас. Қадамдарын нық басып күшейіп, гүлденіп, дамып келеді. Тәуелсіздік- біздің құндылығымыз, кәсіподақ- қоғамның тірегі. Бастауыш білім беру негізінің кірпіштері мектепке дейінгі мекемеде қалануы рас. Осыған орай елімізде көптеген мектепке дейінгі мекемелер салынғаны қуантады. Нәтижесінде мұғалімдерге және басқа маман иелеріне жұмыс орындары пайда болды. Ата-аналар барлық жағдай жасалған бақшаға балаларын әкелуге қуанышты. Биыл балабақшамыз бен кәсіподағымыздың құрылғанына он бір жыл. Осыдан он бір жыл бұрын балабақша Тәуелсіздік мерекесінде пайдалануға берілген болатын. Қазіргі таңда балабақшадағы 12 топта балғындар мектепке дейінгі тәлім-тәрбие алуда. Тәуелсіздіктің таңымен бірге арайлап келе жатқан ұжымның бағындырар биіктері әлі алда. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу үшін бақшамызға керек-жарақ жабдықтар, ақпараттық стендтер, заманауи технологиялармен үкімет қамтамасыз етсе, ойын алаңдарын реттеу, бақшаның айналасындағы гүлзарларды жасау, қабырғаларға көркем суреттер салу жұмыстарын кәсіподақ бас болып ұйымдастырды. Бұл ұжымның өзегі болған кәсіподақ ұйымының сіңірген еңбегі деп білемін. Кәсіподақ ұйымы қызметкерлерді шығармашылық қабілеттеріне сай аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқауларға бағыттап, серпін мен қуат береді. Ауыз толтырып айтарлықтай жтстіктеріміз де мол. Өткен жылы аудандық білім беру бөлімінің кәсіподақ жетекшісі Бейсенбаева А.Б. қолдауымен облыстық байқауға қатысып: «Үздік кәсіподақ ұйымы» атанып, жүлделі 1-орынды жеңіп алды. Түркістан қаласында өткен Республикалық деңгейдегі байқауда жетекшіміз Шылдыкенова И.С. қатысып, ұжымымыз алғыс хатпен марапатталды. Тәуелсіз еліміз және кәсіподақ қызметі бірлігімізді жандандырып, ынтымағымызды арттырып, қуатымызды бекемдей түсуде. Осынау жарық дүниеде тәрбиеші мен ұстаздан артық құрметті жан болмаса керек. Ақын да, ғалым да, инженер де, дәрігер де тәрбиеші мен ұстаздың тәлім тәрбиесінен өсіп-өнеді, өркенін жаяды.

Біздің балабақша – бұл сүйкімді, аяулы, ақылды, көңілді, көрікті, өнер мен білімге құштар білдіршіндердің алтын ұясы. Бақшадағы әр бала үшін жасаған іс-әрекетіміз осы бүлдіршіндердің дамуы мен жетілуіне бағытталады. Балабақшаның басты міндеті – бала тәрбиелеу, яғни балаға сапалы білім мен саналы тәрбие беру. Бұл мақсатты тікелей іске асыруды ұйымдастырып, жетекшілік етіп отырған балабақша меңгерушісі Г.О. Гизеева. Гүлмира Олжабайқызының қызметкерлерге сыйластықпен қарай отырып, тәрбиеші және педагогтердің білімі мен біліктілігін көтеріп, еңбегін бағалап отыратын адами қасиеттері бар. Балабақшамызда барлық маман иелері бар. Біздің ұжым мүмкіндігінше облыстық, аудандық сайыстарға да қатынасып отырамыз.

Назигүл ҚАПАШЕВА,

«Болашақ» бөбек-бақшасының қазақ тілі мұғалімі.



(Жалғасы. Басы 8-бетте).

көрсетіп жүр. Жалпы ұжымның бала тәрбиесіндегі қызметі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы тарапынан да жоғары дәрежеде. Оған бірден-бір дәлел – қарашаның 23 жұлдызында өткен «Мектепке дейінгі ұйымдардағы ойын, дамытушы – ойын технологиялары» тақырыбында өткен облыстық семинар-кеңес. Семинар-кеңесті өткізудегі негізгі мақсат: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде заманауи технологияларды қолдану арқылы педагогикалық білімді әдістемелік тұрғыда сүйемелдеу. Семинарда «Болашақ» бөбекжай-бақшасының барлық тәрбиеші-педагогтары қатысып, облыс көлеміндегі әріптестерімен тәжірибе алмасты.

Жиналғандардың ерекше көңілін аударған, әрине, семинардың практикалық көріністері болды. Тәжірибелі маман Н.И.Корнейчуктің «Степ аэробика-күлкілі баспалдақтар», М.Т.Шахметовтың «Ойын кезінде дене шынықтыру сабақтарында стандартты емес құрал-

жабдықтарды пайдалану», сабақтары және бассейнде өткен Н.Ю.Подчасовтың «Суда ойнау мектеп жасына дейінгі балаларға жүзуді үйретудің тиімді құралы» атты ашық сабақтары заман талабына сай, семинарға арнайы келгендердің көңілінен шықты деуге болады. Семинарды қорытындылап, жалпы қатысушылардың пікір алмасуы барысында семинардың өте жоғары деңгейде өткендігі айтылды.

Жалпы, қызығы мен қиындығы мол балабақшаның жұмысын терең түсініп, бұл мамандықты өзіне өмірлік серік ете білген басшының алдағы жұмыс жоспары мен мақсаттары да өте көп екенін арнайы барып, сұрап білдік. Бала тәрбиесімен қатар, ұжымда да ұйымшылдық байқалады. Басшының айтуы бойынша кез келген тәрбиеші, әрбір осы ұжымдағы қызметшілер, өз алдына бір тұлға, өз ісінің шеберлері, маманы. Ұжымда мамандардың біліктілігін арттыру мәселесі де шешілген. Бұл жерде ерекше атап өтетін тағы бір жандар - балалардың күнделікті

денсаулығын бақылап, қажет болса алғашқы көмегін көрсететін медбике Е.А.Капустина және логопед-диетестра Қ.У.Оралова. Олардың жұмысының негізі – әр баланың денсаулығының сақшысы болу, яғни дұрыс тамақтану, өзара дұрыс сөйлеуге үйрену және денсаулықтарында ешқандай ақау болмауын қадағалау. «Болашақ» бөбекжай бақшасының Тәуелсіз еліміздің болашағы, жас бүлдіршіндердің жарқын келешегі үшін атқарылып жатқан еңбектерін жоғары бағалай отырып, келешекте қазіргі жас бөбектер есейіп ер жетіп, алғашқы тәрбиені балабақшадан алған жас бүлдіршін елінің нағыз патриоты болады деп сенеміз. Тәрбие ошағының қайнар көзі болып отырған бөбекжай бақшасының меңгерушісінің бала тәрбиесіндегі еңбегіне және ұжымдағы барлық еңбек адамдарының жұмыстарына сәттілік тілеп, Жаңа Жылда Жаңа Жетістіктерге Жете беріңіздер, дейміз.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы



ҒҰЛАМА ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ

бақытты адам концепциясы

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Әл-Фараби – ғылымның барлық саласымен дерлік, айналысып, 150-дей ғылыми трактат жазып, артына өшпес мұра қалдырған энциклопедист ғұлама, орта ғасырлардағы түркілік, исламдық өркениеттің жарық жұлдызы. Оның есімі әлемдік өркениеттің тарихында әйгілі ойшыл, философ, математик, физик, астроном, әлеуметтанушы, тілші, сөз өнерін, саз өнерін зерттеуші ретінде кеңінен танымал болды. Орта ғасырлардағы ғылым біртұтас, әлі іштей жіктелініп, жеке сала болып қалыптаса қоймаған болатын. Сондықтан да ғалымдар өмірдің, барлық ғылым салаларының ортақ әмбебап заңдылықтарын зерттейтін философ болды.

Әл-Фараби еңбектерінің салмақты жағы ғылымның философиялық мәселелерін зерделеуге арналған еңбектерінде ғылымның аса маңызды проблемалары көтеріліп, ғұламаны асқан ойшыл, кемеңгер философ ретінде әлемге танытты. Әл-Фараби ғылым салаларын жүйелегенде, ең алдына тіл білімін қояды. Өйткені, «Бұл айтылғандардың барлығын пайымдау жолымен – өз ойымызды қалай жеткізу керектігінен, үйрету немесе үйрену керектігінен, қалай баяндау, сұрау, жауап беру керектігінен абстракциялану арқылы таптық. Осы себепті барлық ғылымдардың ішіндегі ең бірінші ғылым тіл туралы ғылым деймін. Ол заттарға, яғни субстанция мен акциденцияларға атау береді. Екінші ғылым – грамматика, ол атауларды қалай реттеу керектігіне, субстанциялар мен акциденциялардың орналасуын білдіретін сөздер мен сөйлемдерді және содан шығатын салдарларды құрастыруға үйретеді». Бұл жерде ғұламаның адамның адам ретіндегі саналы тіршілігінде, адамның өмірдің құпияларын танып-білуіне көмектесетін ғылыми ізденістерінде тілдің айрықша орнына ерекше мән бергендігі көрінеді.

Әл-Фарабидің анықтауынша, тілдің сан қырлы қызметі тікелей логикамен байланысты: «Ол қорытынды алу үшін логикалық фигураларға сәй баяндаушы сөйлемдерді қалай орналастыру керектігіне үйретеді. Солардың арқасында біз танымағанды танимыз, ненің ақиқат, ненің жалған екендігі туралы пікір айтамыз». Ғалымның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Бақытқа жету жайында», «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Соғыс пен бейбіт өмір туралы кітап», «Қоғамды зерттеу кітабы» еңбектерінде адам қайтсе, бақытты болады, адамдар бақытты өмір сүре алатын қоғамдық құрылыс қандай болуы керек деген сауалдар төңірегінде мәселенің мәніне тереңдеп барады. Әл-Фараби қоғам дұрыс болу үшін онда өмір сүретін адамдар дұрыс болу керек деп біледі. Ал адамдардың алдына белгілі бір мақсат қойып, соған жету үшін барынша ұмтылатыны белгілі. Сонда адам тіршілігінің бар мәні бақытты болуға саяды. «Екінші ұстаз» адам өмірінің ең жоғары сатысы саналатын «бақыт» категориясына тоқталып, оған философиялық тұрғыдан сипаттама, терең талдаулар жасайды. Ол «Адамзат кемелдігінің ең биік дәрежесіне жеткен» адамды бақытты адам санайды. Адам бақытты болу үшін ол өмір сүріп отырған елдің басшысы да кемел адам болуы керек», «Адамдар ішіндегі ең таңдаулы жан бірінші басшы болуға тиіс» деп біледі. Осындай оймен басшыға қойылатын алты талапты атайды:

«Бірінші шарт – дана болу.

Екінші шарт – қалаға арнап бірінші имамдар (басшы) белгілеген заңдарды, ережелер мен әдет-ғұрыптарды жадында сақтап, жетік білу, өзінің барлық іс-әрекетін осыларға сәйкес жүргізу.

Үшінші – бұрынғылардан тиісті заң сақталмаған жағдайда, бірінші адамдардың үлгісімен әрекет жасай отырып, бұл жөнінде тапқырлық көрсету.

Төртінші – бірінші имамдар аңдай алмаған нәрселерді бұрыннан қалыптасып қалған жағдайды да, болашақ оқиғаларды да қалаған кезінде танып-біліп отырарлықтай тапқыр да білгір болу; өзінің осындай іс-әрекетінде ол халықтың әл-ауқатын жақсартуды мақсат етуге тиіс.

Бесінші – бірінші имамдардың заңдарын және солардан кейін, олардың үлгісі бойынша өзі белгілеген заңдарды орындауға жұртты өз сөзімен жігерлендіре білу.

Алтыншы – әскери істерді жүргізу үшін қажетті дәрежеде қайратты болу, оның бер жағында әскери өнерді қызмет бабындағы өнер ретінде және билеуші өнер ретінде біліп алу».

Ғұлама «Адамдар ішіндегі ең таңдаулы жан бірінші басшы болуға тиіс...» (сонда, 356-бет) – деп, негізгі ойын нығырлай түседі. Сонда ең таңдаулы, кемелдікке жеткен бақытты адам қандай адам? Бұл сауал – адамзат қоғамын Адам-ата жаралғалы бері ойландырып келе жатқан мәңгілік мәселе. Әл-Фараби «Бақыт жолын сілтеу», «Бақытқа жету жайында», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» секілді еңбектерінде осы мәселеге тереңдей барып, күні бүгінге дейін өзінің құнын жоймаған бағалы пікірлер айтты. Жаһандандудың салдарынан әлем дағдарысқа, тоқырауға ұшырап отырған мына заманда әл-Фарабидің гуманистік идеяларға негізделген ғылыми ой-пікірлерінің өміршеңдігі көрініп тұр.

Адамның бақытқа жету жолындағы күресінде үш түрлі



жағдайды басынан өткереді. Олар: «1. Бұл – әрекеттер, адам өзінің дене мүшелерін пайдалану үшін керекті әрекеттер, мысалы, орнынан тұру, отыру, көлікке мініп жүру, көру, есту үшін керекті әрекеттер. 2. Жан эффектілері. Мысалы, құштарлық, рахат, қуаныш, ашу, қорқыныш, жабырқау, күйіну, қызғаныш және сол сияқтылар. 3. Ақыл-парасат. Бұл үшінші адамның бүкіл өмір бойында болады немесе кейде болып, кейде болмайды».

Ақылды, парасатты болу үшін адам өмір бойы оқумен, оқығандарын бойына тоқумен, жақсылардан үйренумен етеді: «Үйрету дегеніміз – халықтар мен қалаларға теориялық ізгіліктерді дарыту деген сөз». Жақсы тәрбиемен дұрыс бағытта берілген білім адамды кемелдікке, даналыққа қарай бастайды. «Даналықтың ерекшелігі – әрбір түпкі нәрсенің шекті себептерінің оған мәлімділігі болса және адам өмірінің мақсаты бақыт болса, ал мақсат сол себептердің бірі болса, онда, даналық дегеніміз, шын бақыт болып табылатын зат туралы білімнің бізге беретіні болып шығады. Даналық дегеніміз – шын бақыт туралы білім беретін нәрсе, ал пайымдағыштық – бақытқа жету үшін орындау керек болатын әрекеттер туралы білімнің беретін дүниесі» (Әл-Фараби. Бақыт туралы кітап. Алматы, 2015, 16-бет).

Бақыт дегеннің не нәрсе екендігін жан-жақты білімдарлығының, ойшылдығының арқасында жан-жақты түсіндіреді; әртүрлі қырынан сипаттайды: «Кейбіреулер ләззат алуды ең жоғары бақыт деп, есептейді. Енді біреулер байлықты бақыт деп, санайды. Үшінші біреулер бақытты сол екеуінің ұштасуы деп біледі» (сонда, 311-312 беттер); «Бақыт дегеніміз – игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені...» (сонда, 5-бет);

«...біз философияның арқасында бақытқа жетеміз. Ал оны біз жақсы ақыл-парасат арқылы меңгереміз» (сонда, 36-бет);

«Ең дұрысы, бақыт – оқығанда, сабақ алғанда, білімді игеру, әртүрлі өнерлерді үйренгенде, оларды игеру, (оларға сәйкес) жұмыстарды орындау сияқты игілікті істер арқылы қол жететін мақсат» (сонда, 258-бет);

«Бақыт – өз басың үшін көксейтін игілік; бұған ешбір жағдайда және ешқашанда басқа нәрсеге бола талпынбайды, өйткені (бақыттың) аржағында адамның қолы жете алмайтын бұдан артық нәрсе жоқ. Бақытқа жетуге көмектесетін еркін әрекет – тамаша әрекет. Мұны туғызатын әдет-ғұрып – қайырымдылық. Бақытқа (жетуге) бөгет жасайтын әрекет жаман немесе сұмпаы әрекет болмақ. Бұл әрекетті туғызатын әдет-ғұрып – кемшілік, кесепат, пасықтық» (сонда, 179-бет).

Әл-Фарабидің пікірінше, адам өмірінің мәні мен сәні, ең жоғарғы шыңы болып саналатын бақыт жанның байлығына, адамгершілікке негізделеді. «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады» (сонда). Жаны жайсаң, адамгершілігі мол адамдардың мінез-құлық да жақсы келеді. Жақсы мінез-құлық білім алу, үйрену барысында көбіне тәрбиемен қалыптасады. «Адамның бойына дарыған, халықтар мен қала тұрғындарына тән және бұл дүниеде тиесілі бақытқа жетуіне, о дүниеде асқан рахатқа кенелуіне септігін тигізетін төрт түрлі нәрсе бар, бұлар: теориялық ізгіліктер, ойшылдық ізгіліктер, этикалық ізгіліктер және практикалық өнерлер». «Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жасауға көмектесетін жан қасиеттері – ізгілікті қасиеттер, ал адамның пасық істер мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары – сұрқиялық, кемшілік немесе опасыздық болып табылады».

Адамның саналы өмірін қамтамасыз ететін – денінің саулығы мен жан саулығы. Осы екеуі бір-біріне сай, үйлесім тапқанда ғана адам бақытты бола алады. Денсаулықты дәрігер қадағаласа, жан саулығы – аса күрделі; ол адамның өзінің дүниеге көзқарасынан бастап, алған біліміне, тәрбиесіне, өмірлік мақсатына, мамандығына, қоршаған әлеуметтік ортасына сияқты көптеген факторларға байланысты. «Дене сияқты жанда да өзіне тән денсаулығы және науқасы болады. Жанның саулығы сол, оның өзінің және бөлшектерінің жайы жақсы болуының әсерінен әрдайым игі қылықтар көрсетіледі, игілікті істер істеледі және тамаша әрекеттер жасалады. Ал жанның науқастығы сол, оның өзінің және оның бөлшектерінің жайы нашар халде болуының әсерінен әрдайым жаман қылықтар көрсетіледі, азғындық істер істеледі және сорақы әрекеттер жасалады». «Жаман мінез-

құлық – рухани кесел». Жан сұлулығы, жақсы мінез адамды қайырымды етеді. «Қайырымдылық адамдар жанынан берік орын алғанда, не адамдар ұстамды болғанда, қалаларда теріс қылықтар жойылады» (сонда, 201-бет).

Өмірдегі адамдардың білім деңгейі оқыған, оқымаған, жоғары білімді дегендей, түрліше болуы – заңды. Осындай адамдар туралы «Ақыл-естің тілегенін (жасауға) парасаты және батылдығы жететін есті адамдар болады. Мұндай (адамдарды) біз әдетте, өзінің лайығынша, ерікті адам деп атаймыз, ал енді өз бойында осы екі (қасиет) жоқ адамдарды хайуан тәріздес адамдар деп атаймыз, ал тек ақыл-есі ғана жетіп, батылы бармайтындырсық жаратылысынан құл адамдар дейміз» (сонда, 29-бет) – деген сипаттамалар беріліпті. Ары қарай ойын «Бұлардың ішінде батыл бола тұрса да, ақыл-есі кем түсетіндер бар. Бұлар үшін басқалар ақылға салып, пайымдайтын болады. Бұл жағдайда мұның өзінің қамын жеуші басқа адамдарға бұл не бағынып, не бағынбайды. Егер бағынбаса, онда бұл да хайуан тәріздес, ал егер бағынса, ол көп істерінде табысқа жетеді және осындай арқасында құлдар (қатарынан) шығып, еріктілер қатарына қосылады» (сонда, 30-бет) – деп жалғастырған.

Бақытты болу кез келген адамның қолынан келе берер оңай шаруа емес. Оған өмірді сүре білуге қажетті жан-жақты білімі бар, жаны бай, адамгершілігі, рухы жоғары, мақсатына жету үшін қиындықтарға шыдап, күрес білетін адамдар ғана қол жеткізе алады. «Егер адамның өмір сүруінің мақсаты – ең жоғары кәметке жету болса, онда адамның осы бақытқа жетуін көрсету үшін оны меңгеруге қабілетті нәрселердің бәрін алу керек». «Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғары бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы қажет. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп, соған әрекет жасауы керек» (сонда, 409-бет).

Әл-Фарабидің адам концепциясында жүрек аса маңызды орынға ие. Өйткені, адамның бақытты болу жолындағы өмірінің барлығы осы жүрек арқылы басқарылады. Жүрегі таза, жылы адамдар ғана бақытты өмір сүре алады. Оған себеп, жүрек – адамның денесіндегі ең басты орган; адам ананың құрсағында жаратыла бастағанда, ең алдымен жүрек жаратылады; адамның басқа дене мүшелерінің барлығы ми арқылы жүрекке қызмет етеді.

«Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да – басты мүше; бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені ол барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді. Бірақ бұл тек жүрекке қызмет етеді және жүректің табиғи ниетіне қарай, бұған басқа мүшелер қызмет етеді..»

(Ми жүректен кейінгі) мүше ретінде (әрекет етеді), басты (мүше) бейімделе алмаған жерде оның орнын басады, оның өкілі болады, әр іске бейімделіп отырады; жүректің ізгі ниеттерін жүзеге асыру ісіне қызмет ету тек қана миға тән қабілет. Мәселен, жүрек – ішкі табиғи жылылықтың көзі... Ми (мұнда) жүрекке қызмет етеді, сезімдік жүйке тамырларға өз күшін бойында сақтайтын қуат бітіреді, бұл қуат қоректендіруші (күштердің) сезімтал болуына мүмкіндік береді... Мүшелердің ішінде тұңғыш рет жүрек пайда болады, бұдан кейін ми, одан соң бауыр, одан кейін көбауыр, сонсоң басқалары пайда болады. Бәрінен соң барып, қимылға келетіні – жыныс мүшелері...»

Үстем күштің мекені – жүрекке» (Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973, 289-295 беттер).

Ұлы Абай да адамның өміріндегі жүректің атқарар қызметіне ерекше мән берген. Мида қорытылған ой жүректің сарабынан өтіп барып, сөзге айналып, сыртқа шығады. Ақынның айтуынша, сөз «жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді»; «бойда қуат, ойда көз болмаса, ондайларға айтпа сөз»; жүрексіз айтылған сөз – жалған сөз; ондайларға сенбе. Өмірдің әділетсіздіктерін қайнаған ішінде жүріп көп көрген, барынша сезінген халқының көзі, сезімі, жыршысы атанған ақынның жүрегі – «қырық жамау». Бұл жерде қазақ топырағынан шыққан екі ұлы айтқан ой-пікірлерінің арада мыңнан астам жыл уақыт өтсе де бір арнадан шығып жатқаны көрінеді.

Ұлы философ Әл-Фараби адам бақытты болуы үшін ол ақыл-парасаттың иесі, жүрегі таза, жылы болуы керек десе, ақын Абай ең алдына оның ойының дұрыс болуын, яғни мидың қызметін қояды. Екі ұлы да адам өміріндегі сандаған ойландырып қорытып, ой ойланды, даналыққа, парасаттылыққа жетелейтін, дұрыс жолды табатын мидың, сол мидың қорытып ұсынған «ақылдарының» ішінен дұрысын қабыл алып, «жылылыққа орап», сөз арқылы сыртқа шығаратын жүректің қызметтерін аса жоғары бағалағандықтары, бірін-бірі толықтыра түскендіктері көрініп тұр. Ұлылардың ұлылығы, ұлылардың үндестіктері осылай болса керек.

«Әбден жетілген адамдардың ғана жандары мәңгі өлмейді» (Әл-Фараби). «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, // Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» (Абай). Иә, ақыл-парасаттың шыңына шығып, оны ой елегінен өткізіп, артқа келе жатқан ұрпақтардың бақытты өмір сүруіне көмектесетін «өлмейтұғын сөз» қалдырған ұлылардың рухтары мәңгі жасай береді.

АХМЕТ ПЕН МҰХТАРДЫ НЕ БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ?

Биыл қазақтың көрнекті ақыны, қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының көсемі Ахмет Байтұрсынұлының дүниеге келгеніне 150 жыл толды. Аз ғұмырында ұрпақтың болашағы үшін ұлы істер атқарған ұлт ұстазының еңбегін ұлықтап, тағдыр жолын кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде таныту – баршамызға ортақ міндет. Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-шығармашылық және саяси ағартушылық жолындағы еңбегін зерттеушілердің бірі – филология ғылымдарының кандидаты, Павлодар педагогикалық университетінің доценті Әділбек Әміренов. Ұлт ұстазының биылғы мерейтойына орай зерттеушіні әңгімеге тарттық...

- Әділбек Дәуітбекұлы, биыл ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық және қазақтың көрнекті жазушысы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық мерейтойлары аталып өтуде. Осы ретте қос тұлғаның бір-бірімен шығармашылық байланысы туралы айтсаңыз...

- Иә, биыл Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы мен Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы қатар келді. Екеуі де – Алаш қайраткерлері, Алашорда үшін жандарын салып қызмет еткен. Жалпы, аталған екі тұлғаны бір-бірімен байланыстыратын дүниелер өте көп. 1923 жылы Орынборда Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдығына байланысты үлкен жиын болады. Оған көптеген Алаш азаматтары қатысып, сөз сөйлейді. Сол жиынға Мұхтар Әуезов те қатысып, «Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды» деген баяндама жасады. Ол кейін «Еңбекші қазақ» газетіне шықты. Онда былай дейді: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Оның шындығына ешкім дауласпайды. Сондықтан, елу жылдық тойын атап отырған қуанышты күнде Ахаңа біздің айтатын сөзіміз–Ахаң еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – артынан келе жатқан жастар...» деп ерекше тебіреніспен сөйледі. Ахмет пен Мұхтарды байланыстыратын тағы бір тарих бар. 1924 жылы Орынборда қазақ білімпаздарының құрылтайы өтеді. Аталған жиында үлкен мәселелер қаралды. Сондай-ақ, «Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиі қолданысқа енуі керек» деген ұсыныстар айтылады. Сонымен қатар, оқулықтар шығару мәселесі де қозғалды. Ол жұмысты Алаш азаматтары бөлісіп алады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышты» шығарған болса, Мұхтар Әуезов әдебиет тарихын зерттейді. Мұхтар әдебиет тарихын екі бағыт бойынша жинақтайды. Бірі ауыз әдебиет үлгілері болса, екінші зар-заман әдебиеті. Үшінші байланыстыратын жері, 1924 жылы құзырлы орган жөндеттері Орынборда, Ташкентте жүрген Алаш азаматтарын ұстап алып, қамайды. Жалпы, 43 адам ұсталады. Алматы түрмесіне түскендердің атылатыны атылды, кейбіреуі қудаланды. 1938 жылға дейін бәрінің көзін жойды ғой. Оның ішінде тіріқалғаны - Мұхтар Әуезов пен Әлімхан Ермеков Қайым Мұхаметхановтың айтуынша, олардың тірі қалуына Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейханның ақылы себеп болған. Олар Мұхтар мен Әлімханға «Сендер әлі жассыңдар, сондықтан осыған дейін істеген істерің үшін «жаздық, жаңылдық» деп мақала жазыңдар» деп кеңес берген. 1932 жылы Әуезовтің мақаласы жарыққа шығып, өзі босатылады. Бірақ бәрібір ұзақ уақыт қуғын көреді. Міне, Ахмет пен Мұхтардың тағдырын Алаш идеясы жолындағы осындай ұлы істер байланыстырып отырған.

- Ахмет Байтұрсынұлының нақылға айналып кеткен «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деген әйгілі сөзі бар. Бұл алғашқы қазақ ұстаздарының бірі - Нәзіпа Құлжановаға арналған өлеңінен алынған сөз дейді. Осының мән-жайын түсіндіріп өтсеңіз...

- Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына көптеген шаралар өтуде. Көбінің тақырыбына осы «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деген цитатасы қойылып жатыр. Бұл сөзі ақынның «Н.Құханымға» деген сыр-толғау өлеңінен алынған. Ахмет - қазақ әдебиетінде сыр-толғау жанрына алғаш болып қалам сілтеген қаламгер. Ал «Н.Қ ханым» дегеніміз – Нәзіпа Құлжанова есімді қазақтың алғашқы ұстаздарының бірі. Ол Ахмет Байтұрсынұлының жерлесі, Орынбор мұғалімдер гимназиясын бітірген. Жолдасы Нұрғали Құлжанов деген азамат болыпты. Екеуі оқу бітірген соң Семейге барып, мұғалімдер семинариясында сабақ беріпті. Жалпы, адам баласы өзінің ішкі сырын кім көрінгенге аша бермейді. Тек жақын тартқан адамына ғана айтады. Соған қарағанда Ахмет пен Нәзіпа ханымның Алаш идеясы, қазақ ұлтының ұлттық мүддесі жолындағы рухани қарым-қатынасы өте тығыз болғанын аңғарамыз.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,

Ойлайтындар мен емес бір күнгісім.

Жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын,

Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін, - деп түйіндейді.

Осылайша, Ахмет Байтұрсынұлы өзінің ішкі сырын, толғамын, не үшін өмір кешіп жүргенін осы өлеңмен

жеткізеді. 1914 жылы Нәзіпа Құлжанова Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл болуына байланысты кеш өткізген. Сонда ол Абайдың шығар-машылығына, өмірбаянына байланысты екі тілде баяндама жасапты. Ол кезде зиялы қауым арасында екі тілде сөйлейтін адам сирек болған. Ол алғаш болып «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала» атты кітаптарын шығарған өте білікті педагог еді. Оған дейін мектепке дейінгі балалардың тәрбиесі туралы қазақ тілінде кітап болмаған-ды. Аталған құнды туындыға Ахмет Байтұрсынұлы Алғысөз жазыпты: «Нәзіпа жолдастың кітабы - Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды. Мектеп жасынан бергі екі жастан арғы балаларды тәрбиелеу үшін мәдениет жүзінде алда тұрған халықтар не істейтіні, бала тәрбиесі оларда қандай орын алып, қандай дәрежеде тұрғаны жайында қысқаша мағлұмат береді», деп жоғары баға берген. Ахмет Байтұрсынұлының шығар-машылығына қатысты екі ұшты әңгіме айтылып жүрген бір мәселе бар. Мысалы,

Мінсіз таза меруерт Су түбінде жатады.

Мінсіз таза асыл сөз Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан зат Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз Шер толқытса шығады,

- деген әйгілі нақыл бар. Осыны біз бүгінгі күнге дейін Асан қайғынікі деп келдік. Бұл - Ахмет Байтұрсынұлының Жадовскаядан аударған аудармасы.

- Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы кезінде бір өзі Араб графикасына негізделген қазақ әліппесін жасады ғой. Осыны әлем ғалымдары қалай бағалаған еді?

- Жалпы, Ахмет Байтұрсынұлына дейінгі қазақ әліпбиін ежелгі түркі жазуларынан басталған деп білеміз. Яғни, бізде түркі руна жазуы, құпия жазу, Орхон-Енисей жазуынан бері жалғасып келген жазба мәдениетіміз бар. Одан кейін барып шамамен VIII-IX ғасырларда түркі жұрты араб экспанциясы негізінде араб әліпбиіне көшкен. Ал Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліпбиін ретке келтіруді 1910 жылдардан бастап қолға алады. Өзі бір жазбасында: «1909 жылы Орынборға келгеннен бастап қазақ әліпбиін жасауға кірістім» дейді. Бұл әліпби қазақтың сөйлеу тілі негізінде жасалған. Мұнда басы артық дыбыс жоқ. Яғни, қазақтың сөйлеу тілінде қанша дыбыс болса, соның барлығына жеке таңба арнауы керек болды. Ахаң әліпбиінің тағы бір ерекшелігі, қазақ тілінің иммунитеті сияқты. Яғни, шеттен енген кез келген сөзді қазақ тіліне бейімдеп алды. Мысалы, Еуропадан немесе орыстан енген сөздердің барлығын қазақтың сөйлеу заңдылығына икемдеп тастады. Ол әліпби үндестік заңын толық сақтайды. Мұны қазақтар 1929 жылға дейін қолданып келді. Ахметтің әліпбиін орыстың түрколог, тілші ғалымдары да мойындаған. Мысалы, Ресейде қолданбалы тіл білімінің негізін қалаған Яковали есімді орыс ғалымы бір сөзінде: «Белгілі бір ұлттың дыбыстық жүйесін математикалық дәлдікпен жасаған мұндай әліпби әлемде жоқ» деп жоғары бағалайды. Ал Поливанов деген түрколог ғалым мұны «Байтұрсыновтық әліпби» деп атаған. Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған әліпбиді қазір Қытайдағы қандастарымыз ғана қолданады.

- Жоғары оқу орындарында және мектептерде Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері қалай оқытылуда? Оған көңіліңіз тола ма?

- Бүгінде Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы жоғары оқу орындарда жеткілікті деңгейде оқытылуда. Айталық, Павлодар педагогикалық университетінде «Ахметтану» курсы бар. Бірақ ол тек магистранттар мен докторанттардың бағдарламасына енгізілген. Енді біртіндеп бакалавриатқа да қосатын боламыз. Негізі университеттерде осындай тұлғатану курстары көп болуы керек. Ал Ахметтің әдеби еңбектері бакалавр біліктілігіндегі арнайы оқулықтардың барлығында бар. Яғни, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті сабағында қаламгердің барлық шығармашылығы, тілтанымда дыбыстық жүйесі, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі салыстырмалы түрде оқытылады. Ал мектеп қабырғасында ұлт қайраткерінің кім екенін танып білетін дәрежеге дейін оқытылады.

- Ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойына орай тағы қандай жұмыстар атқарылуы керек деген ойдасыз?

- Ахмет Байтұрсынұлының биылғы 150 жылдық мерейтойы дүниежүзі бойынша, ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтілуде. Бұл -біз үшін көңіл қуантарық жағдай. Осы ретте жергілікті жерлерде де ұлт ұстазының өмірі мен шығармашылығы жоғары деңгейде ұлықталуы керек. Ағартушылық жұмыстары көптеп жүргізілсе дейміз. Мәселен, үлкен қалалардың орталығындағы көшелерге және мектептерге қайраткердің есімін беру жұмыстары қолға алынуы керек. Өкінішке қарай, Павлодарда Ахмет Байтұрсынұлының атында көше жоқ. Сондықтан, жергілікті ономастикалық комиссия осы мәселені ескеру керек деп ойлаймын. Сонымен қатар, әр қалада бюсті немесе ескерткіші тұрса, артық болмас еді.

- Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбат жүргізген: **Тілеуберді САХАБА.**

2023 жылғы қаңтарда аудандық мәслихаттың төрағасымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау кестесі

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов — облыстық мәслихаттың депутаты, «Племзавод Алабота» ЖШС-нің басшысы	4 қаңтар
2	Бауыржан Маратұлы Мерғасымов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дарига» ЖК басшысы	6 қаңтар
3	Батес Латиф — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша КБАА» ШЖҚ-дағы КМК-ның директордың медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары	10 қаңтар
4	Виктор Иванович Рудницкий — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тахтаброд-ТМ» ЖШС-нің бас директоры	11 қаңтар
5	Диана Еслямбекқызы Ысқақова — аудандық мәслихаттың депутаты, «№ 1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы	13 қаңтар
6	Руслан Елшібайұлы Егінбаев — аудандық мәслихаттың депутаты, «Престиж Агро» ЖШС-нің директоры	16 қаңтар
7	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы	18 қаңтар
8	Николай Николаевич Трифонов — аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС-нің директоры	20 қаңтар
9	Александр Владимирович Кершич — аудандық мәслихаттың депутаты, ДЭУ-65 бастығы	23 қаңтар
10	Айгүл Ботақызы Мұхаметғалиева — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» КММ-нің директоры	25 қаңтар
11	Данияр Келденбекұлы Жақыпов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Данияр-Бидай» ЖШС-нің менеджері	27 қаңтар
12	Гүлнұр Өмірбайқызы Батаева — аудандық мәслихаттың депутаты, Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола Дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығы» КММ әдіскері	30 қаңтар
13	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова — аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	31 қаңтар

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау орны: Тайынша қ., Центральны бұрылысы, 3 «А», «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы.

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат — 23072, «АМАНАТ» партиясының аудандық филиалы — 22047.

* * * * *

ДІН — ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ КӨЗІ

«Сәлем берем сәлем беру салтымыз, сәлемменен сөз бастаған халқымыз» — деп ой толғанысымыздың басын осылай бастағанды жөн көрдім. Жалпы қауым, қазақ халқымыз, әр сөздің байыбын біле білген, астарлап, салмақтап жеткізетін орақ ауызды, шешен тілді, көсем ойлы дербес, дара халық екеніміз бәрине де аян. Сондықтан да болар әр іс-әрекеттің мағыналы, әрбір үтір нүктесіне дейін аса мән беріліп қарайтын тұсы да, тіпті, табалдырық аттамас бұрын үлкендердің «сәлем беріп кір» тіркесіне дейін есімізде болуы, қарапайым қағидадардың көшпелі қазақ жерінде тарауының да өзіндік себептері бар. Анығында, асыл дініміз бен ұлттық дәстүріміздің тоғысқан тұсында, қайталанбас жәдігерлердің салған жолы тарихи бір мұра болып қалары сөзсіз. Жә! Негізі айтпағым бұл емес! «Тәрбие – тал бесіктен басталады демекші» халқымыздың жадындағы түпсанада қалыптасып қалған ойы екені анық. Алайда, негізі бірінші тәрбиені бала ана құрсағына біткен сәттен бастап тәрбие беру процессі жүру керек екен. Қоғамдағы сан-алуан мәселелердің шешімі де осында деп ойлаймын. Себебі бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледісінің кезегі келіп тұр. Үйдегі тәрбиенің нәтижесін сыртта жүріп-ақ көре аламыз. Сол үшін де қазіргі түйткіл дүниенің тұтқасы ұрпақ пен ұлт тәрбиесіне бей-жай қарамауда болып отыр. Болашақ қыздарымыз бен ұлдарымыздың ата-анасының текті жерден болуы, тең-теңімен тезек қабымен болуына да саяды. Бұл жерде тең-теңімен сөзінің тіркесі тек байлығы емес туыс-туғандарының, дінінің, салт-дәстүрінің артықшылықтарымен теңеседі дер едім. Жар таңдаудағы басты құндылығы да осында. «Қызға қырық үйден тыйым» — дейді. Бұрында қыз баланы бүкіл бір ауыл болып тәрбиелеген. Үйдің отағасы ұрпақ тәрбиелесе, ошаққасы ұрпақ тәрбиелейді. Сол үшін де маңызды болмақ. Ұлтты тәрбиелейтін ана білімді, дана болуы керек. Тек білім ғана емес, дәстүр-салтымыз бен көшпелі халқымызға сіңіп кеткен ислам дінімізден де ақсамауы шарт. Дінмен ұштасқан тәрбиеден нәр алған ақылды да, саналы, елін, жерін қорғайтын абзал азаматтардың жаман болуы мүмкін емес.

Қорыта келе, қандай дін болмасын адамды жамандық жасауға итермелемейді. Тек жақсы қасиеттер мен адамгершілік құндылықтарды үгіттейді. Діннің оң әсері осы деп санаймын. Тек өз деңгейінде ғана болғаны дұрыс. Әйтпесе, діни фанатшылықтың құрбаны болып кетпеуіне кім кепіл. Сол үшін адам баласының тәрбиеде кем тұстарын жібермегені абзал!

Нұртайқызы Гүлжан,ҚазҰУ дінтану 3 курс.

ӘЙЕЛ – АЛЛАНЫҢ АМАНАТЫ

Әйел бағынбаса ұру керек пе? Ерінің әйеліне қол сілтеп қалуы – ықылым заманнан келе жатқан, қанымызға сіңген сорақы қасиеттердің бірі. Ұрыс-керістің соңы балалардың құтын қашырып, әйелін соққыға жығумен бітеді. Шаңырақта шыққан топалаң шудан кейін, үсті-басы көк ала қойдай боп, әлсіздігіне налып сыңсып жылаған әйел үйде қалса, көзі қанталаған еркек есін жинай үйінен ытқып шығады. Қанша таяқ жесе де, кейбір әйелдер «балаларымды әкесіз қалдырмайын» деп өз-өзіне басу айтса, кейбіреулері «мұндай қорлыққа қашанғы төзуге болады» деп заттарын жинап төркініне тайып тұрады. Бәрінен бұрын еркектің өз ісіне өкінудің орнына әйелін сабауды Ислам дінінің қағидаларынан іздеп өзін ақтайтындардың болуы өкінішті. Дінді дұрыс түсінбеген шала мұсылмандардың «дінімізде әйелді ұруға рұқсат берген» деуі өздерінің дәрежеліктеріне тапқан сылтаулары ғана. Рас, «Ниса» сүресінің отыз төртінші аятында әйелді ұруға болатындығы айтылған. Бірақ денеге зақым келтіре соққылау немесе соңы ажырасуға алып баратындай таяқтау емес. Отбасын сақтау жолында айтылған осы аятқа кеңінен тоқталайық.

Аятта Ұлы Жаратушы былай дейді:

«Әйелдеріңнің мойынсұнбауынан (күнә істеуінен) сезіктенсеңдер, алдымен, оларға ақыл айтыңдар. Кейін (ақыл айтқаннан нәтиже шықпаса,) олардан бөлек жатыңдар. Сонан кейін (онда да қоймаса,) ақырындап ұрыңдар. Егер бағынса, оларға жамандық жасаудың жолын іздемеңдер. Әлбетте, Алла ең үстем, ең ұлы».

Аяттағы «мойын сұнбау» сөзі - арабша «нүшүз» деген сөзбен берілген. Бұл сөз күйеуінің ар-намысын аяққа таптаған, мүлде сөз тыңдамайтын, қашанда күйеуіне қарсы келіп, үнемі ұрыс-керіс шығаруға дайын тұратын көк долы әйел деген мағынаға келеді. Демек, әйел осындай сипатта болғанда ғана оны тәрбиелеу мақсатымен қол көтеруге рұқсат етілген. Бірақ мұндай жағдайдың өзінде бірден ұру емес, тәрбиені ақыл-кеңес пен насихаттан бастау керектігі айтылған. Ислам діні келмей тұрып, араб қоғамында әйелге қол көтеру кең тараған әдет еді. Тіпті әйелді бір жері жазым болғанға дейін ұрып-соғу үйреншікті дағды болатын. Себебі олар әйелді адам қатарына қоспайтын. Мұны хазірет Омар (р.а.) былай баяндайды: «Алла Тағаланың әйелдер үшін айтқан үкімдері келгенге дейін (яғни жахилия кезеңінде), біз оларды адам қатарына қоспайтынбыз». Бұл кездері арабтарда ғана емес, барлық елдерде әйелдер таяқтан көз ашпайтын. Алла Тағала Ислам діні арқылы осы жаман әдетті тыйып, әйелдердің дереу тепелей жөнелмеңдер, алдымен оларға насихат айтыңдар, тыңдамаса, төсекте бөлек жату арқылы жазаландар, сонда да қоймаса аздап, жанын ауыртпайтындай етіп ұруға болады деген. Рас, алдымен ақылға салып түсіндіру керек. Егер күйеуі шын көңілімен жанашыр ретінде әйеліне ескерту жасап, оның жаман қылықтарының қаншалықты зиянды екенін түсіндіре білсе, Алла Тағала иман ететін, мұсылмандықты ұстанатын, әйел тәубасына келіп, күйеуінің сөздерінен-ақ тыйылуы әбден мүмкін. Себебі кез-келген мұсылман жасаған қателіктері үшін о дүниеде Алла Тағаланың алдында жауап беретінін біледі. Пендешілікпен кейде мұны бір сәтке естен шығарып алуы мүмкін. Егер оған құлақ аспаса, екінші сатыдағы тәрбие әдісі ретінде отағасына әйелін төсекте жалғыз қалдыру жазасы айтылған. Мұнда да Ислам ғұламаларының мәлімдеуінше, отағасы әйелін жалғыз қалдыру үшін үйін тастап кете алмайды. Тіпті басқа бөлмеге де барып жатуына болмайтындығын айтқандар да бар. Себебі ерлі-зайыптылардың арасындағы келіспеушілік оты отбасының өзге мүшелерін де шарпымауы керек. Яғни балалары мен отбасының басқа мүшелеріне араларындағы келіспеушілікті сездірмегені жөн. Әйелді төсекте жалғыз қалдырып жазалау дегеніміз – күйеуінің төсекте теріс қарап жатуы. Осылай бірнеше күн байқап көруі тиіс. Себебі әйел заты әрдайым сүйікті болуды қалайды. Ал күйеуі жүзін бұрмай, төсекте теріс қарап жатса, әйел еріксіз ойға беріліп, өзінің қателіктерін түсінуі мүмкін. Пайғамбарымыз (с.а.у.) да жұбайларымен арасында осындай бір келеңсіз оқиға болған кезде (Тахрим оқиғасы) қырық күн бойы олармен тілдеспей қойған. Оларды тәрбиелеу үшін жұдырығын ала жүгірмеген. Пәк аналарымыз да ол кісінің ешқашан қолын көтермегенін айтады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) отбасында болған мәселелерді күшіне жүгінбей-ақ, әрдайым ақылмен, парасатпен шеше білген еді.

Аятта тәрбиелеу әдісінің ең соңында барып қол көтеру айтылған. Онда да қолдың қышуы қанғанша



соққылау емес, жеңіл түрде ұруды меңзеген. Бұл ананың шектен шығып бара жатқан баласын құйрықтан ұрғаны секілді болса керек. Себебі осы аятты хадис арқылы түсіндірген Алла елшісі (с.а.у.) былай деген: «Әйелдеріңмен жақсы қарым-қатынаста болыңдар. Себебі олар сендерге берілген аманат. Ашық түрде жаманшылық жасамайынша, оларға жақсылық жасаудан басқаға құқықтарың жоқ. Егер олар жамандық жасаса, төсекте жалғыз қалдырыңдар, және жай ғана ұрыңдар. Осыдан кейін сендерді тыңдаса, тағы да ұру үшін сылтау іздемеңдер. Біліп қойыңдар, сендердің әйелдердің алдында ақыларың секілді, олардың да сендердің алдында ақысы бар. Төсектеріңді басқаға таптатпау, қаламаған кісілеріңді үйлеріңе кіргізбеуге құқықтары бар. Әйелдеріңнің алдындағы міндеттеріңнің бірі – киім-кешек пен азық-түліктерін қамтамасыз етулерің».

Осы хадиске сүйене отырып, сахаба Абдуллаһ ибн Аббас (р.а.) тек қана тіс тазалайтын мисуак және соған ұқсас нәрселермен ғана ұруға болатынын айтқан. Тағы бір ескерер мәселе, хадисте, «ашық түрде жаманшылық жасамайынша» деу арқылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) әйелдің жамандық жасағанына анық көз жеткізгеннен кейін барып жазалау керектігін, яғни істің ақ-қарасын анықтамай, алып қашпа сөздерге сүйеніп әйелді жазғыруға болмайтынын мәлімдеген.

«Сендердің ең жақсыларың әйелімен жақсы қарым-қатынаста болғандарың». «Аюға намаз үйреткен таяқ» деп сәл жаза басса, көк ала қойдай етіп сабауды Алла Тағаланың да, сүйікті Пайғамбарымыздың да (с.а.у.) мұны бірнеше хадистерінде былай деп баяндаған: «Әйелдеріңді күндіз малша сабап, түнде еш ұялмастан қасына қалайша жатасыңдар?». «Сендердің ең жақсыларың әйелімен жақсы қарым-қатынаста болғандарың». «Әйелдермен тек жақсы адамдар ғана жақсы қарым-қатынас жасайды», «Ең жақсыларың – әйеліне, қыздарына жақсы қарағандар».

Ислам діні сол кезеңде қоғамда кеңінен жайылған әйелге қол жұмсау әдетін жақтамаған, керісінше, оның орнына басқа тәрбие әдістерін ұсына отырып, біртіндеп қоғамнан ысырып тастауды көздеген. Ұруға рұқсат берген аятта да мұсылман ғұламалары аятта айтылған сөздер мен хадистерге сүйене отырып жасаған тәпсірлерінде ұрудың себебі мен ұру әдісін жоғарыдағыдай түсіндірген. Ал шамадан тыс ұрып жіберсе, әйелінің ақысы мойнына жүктелетінін, бұның ақыретте ең үлкен күнәлардың бірі болып есептелетінін айтқан. Осылайша, мұсылмандардың орынсыз әйеліне қол көтеруіне тыйым салған. Мұндай үкімнен кейін мұсылмандар да әйелге қол көтеруді бірте-бірте доғарып, о дүниеге кісі ақысын арқалап барудан қорыққан. Абдуллаһ ибн Омар (р.а.) бұл жайында былай дейді: «Біз Пайғамбарымыздың (с.а.у.) кезеңінде ісімізге қатысты уахи (Құран аяттары) келіп қалмасын деп қорыққанымыздан, әйелімізге ұрсудан, оладың ақысын аяққа таптаудан және оларға дәрежелік көрсетуден барынша тартынатынымыз».

Ал, статистикаға сүйенсек, әйелге қол көтеру саны мұсылман елдерінен гөрі батыста басымдық көрінеді. Сондықтан батыс елдерінде әйел құқығын қорғау үшін көптеген ұйымдар құрылған. Америкалық атақты феминист проф. Темма Каплан бұл елде әйелдердің 50 пайызы күйеуінің соққысына

жығылады деген дерек ұсынады. Оның мәлімдеуінше, әйеліне ең көп жұдырық сілтейтіндер дәрігерлер, адвокаттар, одан кейінгі орынды фирмаларда жұмыс істейтін жоғары лауазымды қызметкерлер екен. Көріп отырғанымыздай, әйелін тепкінің астына алатындар қара танымас біреулер емес, бәрі де жоғары білімді, мәдениетті кісілер. Демек, Құран үкімдерін және хадистерді дұрыс түсінбеген мұсылмандардың әрекетіне қарап, Ислам діні әйелге қол көтеруге жол ашқан деу ешқандай қисынға сай келмейді. Халқымыздың «Әйелді бастан, баланы жастан» деген мақалында, Исламның тәрбие үрдісі негізге алынған. Себебі, Ислам дінінде отағасы отбасы үшін жауапты. Сондықтан ол отбасының тәрбиесіне де қатты көңіл бөлуі тиіс. Бұл үшін ол үйленген сәтінен бастап, өзінің әрі жұбайының жақсылыққа қарай ұмтылуына жағдай жасап, соның жолдарын қарастырып, Ислами тәрбиемен мінез-құлықтарын көркейтуге барын салулары қажет. Яғни, әйеліне қатаң жаза қолданатындай жағдайлардың әу бастан алдын алып, отбасының шырқы бұзылмай тұрып тәртіп орнатқаны жөн. Бірақ ата-баба даналығын өздерінің пасық пиғылдарына бүркеншік еткен кейбір адамдар бұл мәтелді «ұрып-соғудың» айналасынан алыс түсіне алмаған.

Ер адамдардың әйелге қол жұмсауы – оның әлсіздігі

Жалпы, ер адамның әйелге қол жұмсауы – оның әлсіздігінің дәлелі. Қара күшке тек надандар ғана сенеді. Ал өзінен күшті біреу табылса, алдында еңпеңдей кетеді. Бір істің ақ-қарасын айыруға байып пен төзім керек. Әркім өзін тәрбиелесе, өзіне күші жетсе, кінәні өзінде деп білсе өмір қалай болар еді? Басқа біреудің кемшілігін айтып шағымданбас бұрын адам өз ісін бағамдау керек емес пе? Еркектер көбінесе «менің әйелім» деп иемденіп, қол көтереді. Сүйген жарының, керегесіндей сүйенер кемеңгерінің бұл қылығы әйелге ауыр келеді. Біреу кеңдігімен, біреу кешірімділігімен, енді біреуі бала үшін шыдап бағады. Әйтсе де, әр сөздің ауыртпалығы жүрекке сақталады, денедегі таяқ ізі кетсе де, жүректегі ізі кетпейді. Жұбайлар арасындағы сыйластық сол алғашқы таяқтан-ақ жоғалары сөзсіз. Әйелдің еріне сеніммен қарауы көзден бұл-бұл ұшады. Біреуі қорыққандықтан көнсе, енді біреуі көз жұма қарап төзсе, шыдай алмағаны кетіп тынады. «Шыдау» деген сөздің өзі қандай қорқынышты. «Өмірлік серігіңе, жарыңа шыдау» деген, адамның өмір бойы еңсесі бір көтерілмей өту дегенмен бірдей емес пе? Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір күні сахабаларына «Адамдардың ішіндегі ең жаманы әйелі мен балаларына жайсыз адам»- дейді. Сахабалар: «Бұл қалай болмақ?» - деп сұрағанда: «Ол үйге келгенде әйелі үркіп, балалары қорқып қашады» деген екен. Бір төсекке бас қойып, артынша аяусыз таяққа жығып отырса, әйелдің жан-дүниесі астан-кестең болары ақиқат. Оны көрген бала да жауыздықтан жиіркенбей өспей ме? Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Балаңызға арнаған ең үлкен жақсылығыңыз – оның анасын сүйгеніңіз», - деген. Ислам дінінде әйел – Алланың аманаты. Әйеліне қол көтергендер Алланың қаһарына ұшырайтынын білуі керек.

Шәмшат ӘДІЛБАЕВА.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ – ӨНЕРКӘСІП НЕГІЗІ



Жыл сайын желтоқсан айының үшінші жексенбінде еліміз бойынша энергетиктер күні аталып өтеді. Қарапайым еңбегімен қоғам үшін игі іс атқарып жүрсе де, бұл мамандар көпшіліктің көзіне түсе бермейтіні анық. Осы мереке күні «Көкшетау Энерго» ЖШС-нің Тайынша аудандық электр желісінің басшысы Владимир Поповпен кездескен едік.

Шаруашылықтың аса маңызды салаларының бірі – электр энергетикасы. Бұл сала өнеркәсіп пен қоғамның барлық өндіргіш күшінің аумақтық орналасуы мен дамуына әсер етеді. Сол себепті де, электр энергетикасын ел шаруашылығының жетекші саласы деуге болады. Бүгінгі әңгімеміз жердүниені жылумен, жарықпен және қоректендіру көзімен қамтамасыз етумен тікелей байланысты адамдар туралы болмақ.

Тайынша электр желілері филиалының ұжымында нағыз өз ісінің мамандары, жауапкершілігі мол және білікті жаңдар халықтың үзіліссіз электр желісімен қамтылуы барысында күн-түн демей еңбек етеді.

Осылайша қыркүйек айынан бастап ұжымға Попов Владимир Александрович басшылық етеді. Басшы аталған салада 22 жылдан астам еңбек өтілі бар, жоғары білімді маман. Өз еңбек жолын Көкшетау қаласындағы қалалық электр желілерінде бастаған ол, «Көкшетау Энерго» ЖШС-нің дирекциясында бірқатар жыл көлемінде еңбек еткен. Әртүрлі жылдары орталық диспетчерлік қызметтің диспетчері, бастықтың орынбасары, өндірістік қызметтің басшысы, бас инженердің жедел жұмыс жөніндегі орынбасары болып қызмет еткен.

Инженерлік-технологиялық сипаттағы мақсаттармен қатар, В.Попов бүгінгі таңда жүзден астам адам жұмыс жасайтын ұжымға басшылық етумен қатар, әкімшілік сипаттағы мақсаттарды да алға қойып отыр. Тәжірибелі маман қазірде

аудандағы электр желілерін модернизациялау бойынша мақсат-міндеттерді алға қойып отыр.

«Қысқы жылыту науқанына дайындық барысында кәсіпорын техникалық қамту, күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау, электр желілерін реконструкциялау бойынша инвестициялық бағдарламаны аяқтау міндеті тұрған», дейді басшы. Бүгінде ұзындығы 4 шақырымды құрайтын 10 кв «Диспансер-қала2» электр желісінің реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде. Қыс мезгіліне қарамастан жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Бүгінде жоспар бойынша 1,8 км реконструкцияланған. Өз кезегінде аталған бағыт қала тұрғындарының 70 пайызға жуығын электр желісімен қамтып отырғанын айта кету керек.

Сонымен бірге ескі ағаш тіреуіштер темір бетоннан жасалғандарына ауыстырылып, ескі өткізгіштер заманауи оқшаулағыштарға өзгертілуде. Әлем бойынша қолданыстағы аталған технология оқыс оқиғалардың алдын алуда таптырмас шешім. Быыл жоспарлы жөндеу жұмыстары да жүзеге асырылған. Сондай-ақ күрделі жөндеу жұмыстарын 3 подстанцияда жүргізу қажет, алтауында ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізілген. «Жалпы қыс мезгілі күрделі кезең болғандықтан, желілер мен электр құрылғыларын техникалық қамтамасыз ету тұрақты жүргізіліп тұрады», дейді мамандар.

Өз кезегінде ұйым басшысы реконструкция жұмыстары бірнеше кезеңді қамтитынын айтып берді. Реконструкция басталғанға дейін жобалық-сметалық құжаттама сараптама мен келісу сатысынан өтіп, материалдар тендер үрдістерінен кейін сатып алынады. Бірнеше кезеңді қамтитын жұмыстарға шамамен жарты жылға жуық уақыт жұмсалады екен.

«Сонымен бірге атқарылып жатқан жұмыстарға әлемде орын алған геосаяси жағдай да әсер етпей қоймайды. Бұл өз кезегінде материалдардың қымбаттауына әкеп соқты. Кейбір қиындықтар арнайы техниканың сынып қалуына қатысты да туындауы мүмкін. Жалпы электр энергиясына деген баға да қымбаттады», дейді басшы.

Мамандар тапшылығы жайында айта келе, электр энергиясымен қамтитын ұйымға тиісті техникалық білімі бар мамандар да қажет. Бұл ретте жұмыс істеп жүрген қызметкерлер де «Көкшетау Энерго» ЖШС есебінен үнемі біліктіліктерін арттырып отыратынын айта кеткен жөн.

Ұйымның 2023 жылға арнаған жоспарлары да аз емес. Ұйым күрделі жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарымен шектелмей, қала ішіндегі желілер мен тіркеуіштерді реконструкциялау жалғасатын болады. Бұл жұмыстар Қарағаш және Ясная Поляна ауылдарында да жүзеге асырылмақ. Электр энергиясын жеткізу желілерін Терновка ауылындағы подстанцияға жеткізіп, Қарағаш ауылына жеткізу жоспарда бар. Қосымша трансформаторлар да орнатылады. Айта кетерлігі, бұл жұмыстар 2006 жылдан өз бастауын алған. Оған қоса Тайынша ауданындағы электр желісі ең ірі болып саналады.

Осы ретте энергетиктер күні қарсаңында сала мамандары құрметке бөленді.

- Бүгінгі мереке өмірін энергетика саласымен байланыстырған адамдарды құрметтеуге ғана арналмайды, сонымен қатар олардың жұмысына берілген жоғары баға. Бұл сала біздің еліміздің экономикасының флааманы

болып табылады. Себебі экономиканың барлық басқа салаларының өмірге икемділігі, жайлылық, жылулық және жарық энергетикаға байланысты. Сіздердің жұмыстарыңыз – шынайы адал еңбек! Қызметтеріңіз ізгілікке толы. Күннің райы мен мерзіміне қарамастан, қандай жағдай болса да қаламызды жылусыз қалдырмай, халық үгілігі үшін еңбек етіп келесіздер. Сіздердей еңбек адамдарына алғысымыз шексіз! - деді өз құттықтау сөзінде В.Попов. Марапатталғандардың қатарында осыдан бірнеше жыл бұрын еңбек атқарып, бүгінгі таңдағы зейнеткерлер де болды. Олар: А.А.Левичев, В.Б.Макаев, С.Ф.Какалов, В.Н. Какалова, В.И. Редигер.

* * * * *

Жалпақ дүниедегі қай ел, қандай мемлекет болсын, ешбірінің энергия көзінсіз тынысы терең ашылып, тіршілігі адымдап алға баспайды, яғни, ешқайсысы да даңғыл жолға түсіп дамымайды, өрісін кеңейтпейді, өркендеп өспейді. Ал, қазіргі замандағы ең негізгі энергия беріп, бәрін «жүргізіп жүргізетін» күштің электр қуаты екені белгілі. Ендеше, электр желісінің мәні үлкен, маңызы зор. Жалпы, энергетиктердің арасында жұмысы шала, босаң, бос белбеу адам жүрмеуі тиіс. Өйткені, тоқпен ойнауға болмайды. Сондықтан біздегі тәртіп әскери тәртіпке келіңкірейді. Тапсырма дәл, нақты беріліп, орындалуы қатаң бақыланады, қатты сұралады. «Көкшетау Энерго» ЖШС аймақтық электржелілік компаниясы электр қуатын тарату және оны ысырапсыз пайдалану жолында аянбай еңбек етуде.

Бүгінгі таңда сала қызметкерлері халықты электр энергиясымен қамтамасыз ете отырып, өз жұмыс орындарында аянбай еңбек етуде. Олардың қатарында тарихи жарты ғасырдан астам уақыт бұрын, сонау 1964 жылдан басталған «Көкшетау Энерго» ЖШС аймақтық электржелілік компаниясының жұмысшылары мен қызметкерлері де бар. Компания құрылған күннен бастап оның әртүрлі учаскелері мен лауазымдарында қаншама адам жұмыс істеді, біреулері жас ұрпақпен еңбек және өмірлік тәжірибесімен бөлісе отырып, қуатты және өмірлік маңызды кешеннің бастауында тұрды, басқалары олардың орнына келді. Уақыт өте келе еліміздің энергетикалық компаниялары өздерінің еңбек әулеттерімен танымал болған көптеген адамдар жұмысқа орналасқысы келетін қуатты кәсіпорындарға айналғаны белгілі. Оның барлық қызметкері бүгінгі таңда саланың басты міндеті – өз тұтынушыларын сенімді электр және жылумен сапалы қамтамасыз ету деп санайды.

Жасыратыны жоқ, кез келген кәсіпорынның жетістігі тек ұжымның үйлесімді жұмысында ғана емес, оның жетістігі оның басқаруындағы адамға, бизнеске қандай қауіпсіздік маржасын салуға, сондай-ақ оның жауапты рөлін нақты түсінуге байланысты.

Осы салада еңбек атқарғандардың атқарып жүрген қызметтері – тек сүйікті кәсібі ғана емес, өмірінің мәніне айналды десек артық емес. Олар осы күрделі және тынышсыз салаға шынымен беріліп еңбек атқарады, өйткені электр жарығы барлық өнім түрін өндіруді қамтитын байланыстырушы буын болып табылады. Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Жаңа жылда жаңа табыстарға жете беріңіздер!

 Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

* * * * *



Елімізде тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі жылдарда қолымыз жеткен ең үлкен жетістігіміздің бірі – сырттағы ағайындардың елге оралуы. Сол кездегі саясаттың арқасында елге – ел қосылып ортамыз толды. Ол ағайындарымыз басқа елде өмір сүріп жатса да, қазақтың салт-дәстүрін, мәдениеті мен тілін, тарихи құндылықтарын сақтай білді. Тәуелсіз елімізге көшіп келіп, елдегі қалың қазақ халқымен бір ортада тоғысып, бірегей ұлтқа айналды. Бір тағдырмен, бір болашақпен, бір тудың астында бірге өмір сүру – шетелдегі этникалық қазақтардың ортақ арманы болса, ол – орындалды!

Осындай күнге жеткізген - Тәуелсіздіктің тұғыры биік болсын!

ҰЛТТЫҚ НАМЫСЫ ЗОР АЗАМАТ

Ұлан-байтақ қазақ даласы бабаларымыз армандап өткен тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап, өзге жұрттағы қандастардың атамекенге ұлы көші басталды. Бұл жайлы айтқанда көз алдымызға атақты Халифа Алтай елестейді. Оның 1991 жылы тарихи отаны Қазақстанға біржолата көшіп келуінің өзі маңызы зор айшықты оқиға болған. Желтоқсанның қар-мұзы аралас ауа-райында Алматы әуежайынан түсе сала Отан анасының топырағына тәу етіп, оны емірене сүйген. Жүректі елжіретіп, сай-сүйегінді сырқыратар жайт қой, шіркін-ай... Сол тарихи сәттің суреті де сақталған. Алыста жүріп, «елім, жерім» еңіреген есіл жүректің аласұруы – бұл... Еркіндікпен елге оралған қандастарымыздың арманы еді.

Өзімен қоса бір дәуірдің тұтас тарихын, рухани әлемін ала келген Халифа Алтай 1991 жылы желтоқсан айының ортасында Ыстамбұл көшесінде келе жатып, радиодан «Бүгін Қазақ елі Тәуелсіздік алды, жер бетінде Қазақстан деген дербес мемлекет пайда болды!» деп түрік тілінде тараған хабарды естігенде, егіліп жылайды. Сол тұрған жерінде құбылаға сәжде жасап, Жаратқан Иеден: «Иә, Аллам, қазақ деген халыққа ақыры еркіндік келді-ау, абырой бердің-ау! Айбарлы мемлекет қыла гөр! Ғұмырлы қыла гөр!» деп дұға тілеген екен.

«Есің барда, еліңді тап!» демекші, тәуелсіздік алған 1991 жылдан бастап, өзге жұрттағы қандастарымыз атамекендеріне орала бастады. Сол Ұлы көш әлі толастаған жоқ. Бір кездері тағдырдың теперішімен шекара асып кеткен ағайындардың атамекенге ағылуына – 1997 жылдың 13 желтоқсанында «Халықтың көші-қоны туралы» Заңға ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қол қоюы даңғыл жол ашып берді. Әлемнің әр түкпіріне тарыдай шашылған



талай қазақтың ата қонысқа деген сағынышы үзілмейтін үмітке, селкеусіз сенімге айналған еді... Ата қоныстарымен қауышқан қазақтар өздерімен бірге қазақтың жоғалуға айналған кейбір салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, ұмытыла бастаған көне сөздерін алып келді десек артық айтқандық емес. Шетелде туып тәуелсіздікпен бірге елімізге оралған басқа да танымал тұлғалар адал қызмет етуде.

Ал, біздің бүгінгі кейіпкеріміз-Серік Әнбияұлы елге, қазақ жеріне оралсам екен деп армандаған жандардың бірі, табиғатынан сабырлы, ұлттық намысы зор, көбінесе ой үстінде жүріп, қазақтың қара сөзіне, ән мен күмбірлеген күйге жан-тәнімен беріліп сүйетін, қазақы қонақжай адам. Сонау Қытай елінің тумасы бола тұра, қазақ жеріне асыға жетіп, көп жылғы ата-анасы аңсаған арманға жеткен бақытты жан десек артық емес.

Серік Әнбияұлы ҚХР-ның «Мәдениет қайраткері» атағының иегері, жазған көптеген толғамды мақалалары мен зерттеулері басылымдарда жарияланған. Бірнеше рет үлкен сахналарда ақындар айтысына қатынасып, жеңімпаз атанды. Ол 2003 жылы атажұртқа оралды.

Міне, сол бір қазақ жеріне жеткен күннен бастап, өзінің енді қазақ елінің азаматы екенін мақтанышпен айтып, «Мен бақытты жанмын, ата-бабамның аңсаған арманы орындалды», - деп ерекше тебіреніспен айтқан сөздерінің куәсі болдық.

Тайынша өңіріне келген сәттен бастап ауданымыздың Амандық ауылдық округіне қарасты Жаңадәуір елді-мекеніне қоныстанған күннен, біздің осы кейіпкеріміздің жаңа өмір белесі басталды деуге болады. Кезінде үлке ауыл болған, дегенмен, іргесі сәгілсе де құрып кетпеген қазақ ауылында бүгінгі таңда 20 отбасы түтін түтетіп отырған жайы бар. Ауылда алыстан елге оралған ағайындардың ішінде, Қытай жерінен көшіп келген 7 отбасы болса, солардың бірі – Серік Әнбияұлының отбасы. Бүгінгі таңда жалпы жағдайын жасап алған Серік Әнбияұлының бағып отырған қара малы, қой-ешкісі, жылқысы бар. Бұл жерде ауыз су мен малға деген су тапшылығы жоқ. Ауыл іші жолдары жөнделген. Арнайы барып, алыстан елге оралған ағайынның отбасына, газет тілшілері ат басын тіреп әңгімелесіп қайттық. Сол бір кездесу барысында көңіл толқытар тарихи әңгімелер мен қазақтың салт-дәстүрін, тілі мен діни ұғымдарын сақтай білген, ұлтына деген шынайы сезімін жоғалтпай, басқа елде тұса да заты қазақ екенін ұмытпаған осынау азаматтың өмір белестері мен әрбір атқарған істерін ерекше бір ерлікке, батырлыққа балап қайттық. Шынымен де, шет жерде жүріп қазақтың салтын, әдет-ғұрпын сақтап, қазақтың қара домбырасын жоғары бағалап, өздеріне серік еткені, тіпті әр шаңырақтың төрінде сол қазақтың

қара домбырасын іліп қойып қастерлегенін, неге ерлікке теңемеске.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміздің басқалардан өзгеше болып тұруының және көпшілікке үлгі ете отырып жариялауымыздың бір ғана себебі бар. Ол - оның поэзия әлемінде ойып орын алғандығы. Ақындығы өзінше бір зор әлем. Серік Әнбияұлы, сіз жоғары марапатқа лайық жансыз. Қазақ елінде жарық көрген «Текестен Теріскейге дейін» атты кітабыңыз тайыншалықтар арасынан өз оқырмандарын табар деген үміттемің. Тайынша жұртшылығы сізді әлі толық білмейді, сол күнге жетіңіз. Елімізге келе жатқан Жаңа Жылда жаңа кітап сүйер қауыммен қауышыңыз. 2023 жыл сіздің отбасы мен ұрпақтарыңыз үшін Бақыт пен Қуаныш жылы болсын!



* * * * *

БӘРІНЕН ҚЫМБАТ - ТӘУЕЛСІЗДІГІМ

*Ырысың шалқып, бағың тасыған,
Достарың күліп, жауың жасыған.
Көкте желбіреп көк туың бүгін,
Күллі әлемге даңқыңды асырған.
Арымен келген, жанымен келген,
Аналарымның зарымен келген.
Тәуелсіздігім бәрінен қымбат,
Бабаларымның қанымен келген.
Айбыны асқақ байтақ бай далам,
Өзіңде шаттық өмір қайнаған.
Тамсана қарап құт-берекеңе,
Көз тігіп отыр тұтас айналаң.
Еңсесі биік егемендігім,
Шаттыққа елді бөлеген бүгін.
Мақтанышпенен айтамыз ән ғып,
Көшбасшымыздың көрегендігін.*

СЕРІК ӘНБИЯҰЛЫ



**Текестен
Теріскейге
дейін**



ТУҒАН ЖЕРДІҢ КҮНІ ДЕ ЫСТЫҚ, ТҮНІ ДЕ ЫСТЫҚ



Қазақ халқының салт-дәстүрлері, оның бай мұрасы ұрпаққа қалдырған асыл қазынасы іспеттес. Істігімен әр қазақтың қызы жастайынан айналысқан. Тіпті, өз жасауын да өз қолымен жасаған. Қазіргі таңда бұл іспен айналысатындар некен-саяқ. Көптеген үйлерде баяғыдай жайылып жатқан төр көрпелер, алаша, тұс киізді кезіктермейсің. Ұлттық салтты жоғалтпай, тек жаңғыртып отырсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Осындай ұлттық өнерге ерекше мән беріп жүрген жандардың бірі - біздің бүгінгі кейіпкеріміз Молдахұмар Самалхан.

- *Жырақта туып-өссек те, еліміздің сонау 1990 жылдары азаттық алып, көк аспанда туы желбіреген мезет әлі есімде. Атам қазақ «Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық» деуші еді. Ата-бабамның туып-өскен жерінің даму үрдісін сырттай бақылап, соған іштей қуанып жүрдік. Тарихи жағдайларға байланысты туған жерімізден алшақта қалған біз үшін ел Тәуелсіздігі туған жерімізге оралуымызға сепігін тигізді. «Өз елім – өлең төсегім» деп бекер айтылмаса керек, елімнің*

басы болмасақ та, сайының тасы болайық деп Монғолиядан келдік, - дейді Самалхан әже.

1992 жылы шілденің 20 жұлдызы біздің кейіпкеріміз үшін ерекше есте қалар өмір кезеңі. Сол уақыттан бері Қазақстан елінде, қазақ жерінде армансыз күн кешуде. Талай өмір өткелінен өтіп, бастан кешкен барлық ауыртпалыққа мойымай, ұрпағын өрбітіп, бүгінде солардан көріп отырған қызық-қуаныштарына риза ақ жүректі дархан ана аудан көлемінде де белгілі жан. Өмірімізде өтетін іс-шаралардың сәнін келтіретін киіз үй мен оның жабдықтары осы апайдың қол өнері. Самалхан әжеміз, біздің бүгінгі кейіпкеріміз барша тайыншалықтарды Жаңа жылмен құттықтап, елімізде бейбітшілік болып, келешек ұрпақ бақытты өмір сүрсін дейді. Ардақты анаға, отбасындағы ақылшы әжеге біздің де айтарымыз, алдағы күндеріңіз қуанышқа толы болсын, Жаңа 2023 жыл бақыт жылы болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ

* * * * *

«ОТБАСЫНДА БАҚЫТТЫ БОЛАМ ДЕСЕҢ, ӨЗІҢДІ ЖАҚСЫ КӨР»

«Жұмыста жетістікке жетем десең де – өзіңді қатты жақсы көр», «Өзгелер сені жақсы көруі үшін алдымен өзіңді жақсы көріп үйрен» деген сөздерді оқып та, естіп жүрген боларсыз. Өзіңді жақсы көру арқылы аурудан да, артық салмақтан да құтылуға болады дейді психологтар. Бұл әбден зерттелген, дәлелденген тәсіл. Расында да, өзін жақсы көретін адамның өмірінде жамандық аз болады. Бұны саналы түрде оқырманның көбісі біледі. Бірақ өзін қалай жақсы көру екенін білмейтіндер де бар. Осы орайда біз психологтардың кеңесін қысқа да нұсқа етіп ұсынып отырмыз. Бұл кеңестер өзіңді жақсы көруге бастайды.

1) Ең бірінші өзіңнің барлық кемшіліктеріңді қабылдаңыз. Мысалы, пұшық мұрныңыз, жуан саусақтырыңыз, сирек шашыңыз, қысық көзіңіз ұнамайды. Жайбасарлығыңызды, жұртпен тез тіл табыса алмайтыныңызды ойлап, өзіңді жазғыратын шығарсыз. Бұның бәрін құдайдың жаратуы деп қабылдаңыз. Көзіңіз қарақаттай, кірпіктеріңіз найзадай делік, бірақ соқыр болсаңыз қайтар едіңіз? Мұрныңыз қырлы болсын, алайда мүлде иіс сезбесеңіз не болар еді? Саусақтарыңыз сүйріктей, бірақ жансыз, қасық ұстай алмаса ше?.. Сұлу, бірақ туғаннан жүре алмайтын, көзі көрмейтін, сөйлей алмайтындар бар. Сондықтан асылық етпеңіз. Шүкір деп, көзәйнекісіз көргені үшін көзіңізге, қалаған жеріңізге апарып-әкелетін аяқтарыңызға, барлық мүшеңізге алғыс айтыңыз. Алғыс айту жақсы көру сезімін күшейтеді.

2) Тәніңізге балаға қарағандай қарым-қатынаста болыңыз. Тек пайдалы азықтармен тамақтаныңыз. Тәтті мен ащыны азайтыңыз. Зиянды нәрселермен ағзаңызды ұлауды доғарыңыз. Темекі мен спиртті

ішімдікке «жоқ» деңіз. Жуынып, денеңізді крем майлармен сылаңыз. Шаш пен тырнақты уақытылы алып, өзіңізге күтім жасаңыз. Өзін жақсы көрген адам шашының майланып, киімінің мыж-мыж боп жүруіне жол бермейді. Ол сынық кесемен шай ішпейді...

3) Жаныңызды негативті сөздермен жаншуды, жаралауды тоқтатыңыз. Зиянды тағамдар сияқты негативті сөздерді қабылдамауға тырысыңыз. Өсек-аяннан, әлдекімді жамандаудан аулақ болыңыз. Тәніңіз секілді жаныңызды да әрдайым таза ұстау – өзіңді жақсы көрудің бір белгісі.

4) Өзіңді жазғыра бермеңіз. Өткен шақты ойлап, қателіктеріңіз үшін айыптамаңыз. Өйткені өткен шақты түзей алмайсыз, бірақ алдағы өмірді өзгерте аласыз. Өзін жақсы көрген адам бақытты, табысты, жайлы өмірге ұмтылады. Өткенді ойлағанша алға, ертеңге ұмтылыңыз.

5) Өз тыныштығыңызды өзіңіз бұзбаңыз және өзгеге де жол бермеңіз. Ол үшін әркімді жау көруді, айналаңыздағы адамдарды кінәлауды, болмашыға бола ұрысуды доғарыңыз. Өзіңді де, өзгелерді де сыйлаңыз.

6) Өз қалауларыңызға құрметпен қараңыз. Қалауыңыздан өзіңді шектемеңіз. Сүйікті ісіңізбен көбірек айналысып, үй мен жұмыс, бала-шаға тірлігінен бөлек өзіңізге де уақыт қалдырыңыз. Өзін жақсы көрудің жолы көп. Бірақ сіз осы алты кеңестен бастаңыз. Ары қарай өзіңді, өмір сүруді, бәрі-бәрін қалай жақсы көріп кеткеніңізді байқамай да қаласыз. Осы тұста айта кетейік, адам өзін жақсы көру арқылы кармасын да өзгерте алады. Олай болса, өзіңді жақсы көруді дәл қазір бастаңыз. Қиын емес!

Мақаланы оқырманға дайындаған: Ж. Смағұлова, ERNUR.KZ

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС, ҮЙРЕТУДЕН БАЛАҒА

Жақсыбаева Роза Әлімжанқызы мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етіп келеді. Біз осы апайдың әр жылдардағы шәкірттерінің ата-аналарымыз. Барша жұртшылыққа осындай ұстаздарымыздың барын мақтанышпен айтуды жөн көрдік. Шынымен де, Роза Әлімжанқызы – өз ісіне адал, балаларды риясыз сүйетін сезімтал ұстаз. Мемлекеттік білім стандартын ойдағыдай жүзеге асыруда, бастауыш мектепте пәндерді оқыту әдістемесін жақсы біледі. Өз жұмысын қызықты да түсінікті етіп құрастырады. Роза Әлімжанқызы оқу-тәрбие және сыныптан тыс жұмыстарда шығармашылық жұмысты шебер пайдаланады, әр оқушының жеке тұлғасының интеллектуалдық, адамгершілік, коммуникативті мүмкіндіктерін дамытуға белсенді атсалысады. Балаларымызға, немерелерімізге берген тәлім-тәрбиесі үшін Алғысымыз шексіз!



Роза Әлімжанқызы оқытудың мазмұнын, формалары мен әдістерін таңдағанда оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін, даму деңгейін ескереді.

Сыныпта оның психологиялық ахуалы қолайлы. Шәкірттерін еңбекті құрметтеуге, адалдық пен адамдық ізеттілікке, білімге деген қажеттілікке, қиындықты өз бетімен жеңуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландырады. Жаңа жылда өз отбасыңызда және шәкірттеріңізбен биік белестерден көрініп, жақсы жетістіктерге жете беріңіз, аяулы ана, ардақты Ұстаз!

* * * * *

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ!

Бұл мақаланы мемлекеттік қызметші, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету және мазмұны бойынша жұмыс бөлімінің басшысы Валентина Анатольевна Черныхқа арнағым келеді.

Валентина педагогикалық жолды таңдағаны кездейсоқ емес. Бала кезінен мен өзімді мұғалім ретінде көрдім, сыныпқа қалай кіріп, балаларға сабақ беремін деп ойладым, дейді ол. Петропавл педагогикалық институтын сәтті бітіріп, он жылдан астам уақыт Петропавл қаласының №3 және №15 орта мектептерінде ағылшын тілі мұғалімі болып жұмыс істеді.

Жас, келешегі зор маман Петропавл қаласының білім бөлімі мамандарының көзіне түсті. Мұнда Валентина Анатольевна бес жылдан астам әдіскер және үш жыл бас маман болып жұмыс істеді. Осы уақыт ішінде педагог қызметкерлерге оқыту әдістері мен формаларын таңдауда көптеген көмек көрсетілді. Ол басқаларды дамытып қана қоймай, өзін де дамытты, білім беру саласындағы халықаралық тәжірибені зерттеді, түрлі практикалық семинарларға, тренингтерге қатысып, мектеп мұғалімдері арасында тәжірибе алмасуды ұйымдастырды. Білім бөлімінде жұмыс істеген сегіз жыл ішінде Валентина қаланың барлық білім беру мекемелерін өте жақсы зерттеді, әр мұғалімнің жұмысын бағалай алды, тіпті оның кәсіби өсуінің келешегін болжай алды. Білім бөліміндегі жұмыс ол үшін үлкен мектепке айналды, мұғалімдерді педагогиканың заманауи әдістеріне үйретіп қана қоймай, сонымен қатар педагогикалық қателіктерді, олардың себептер мен салдарын бірнеше рет талдауға тұра келді. Бүгін, Валентина Черных облыстық басқарманың білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету және мазмұны бойынша жұмыс бөлімінің басшысы болып жұмыс істейді.

Тоғыз жылдан астам уақыт бойы мектепке дейінгі және орта білім беру мәселелеріне жетекшілік етеді, жас ұрпақты оқытудың озық әдістерін енгізу бөлігінде педагогикалық ұжымдармен тығыз ынтымақтастық құруда.

Мұндай адамдардың мемлекеттік қызметте және білім беру сияқты күрделі салада жұмыс істейтіні өте жақсы!

Валентина Анатольевнаға мықты денсаулық, кәсіби және шығармашылық табыс тілейміз.

Гүльнара Жусалина, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы.

ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ – ЖАСТАР!

Тауелсіз Қазақстанның жастары еліміздің басты игілігі болып табылады және Отанымыздың болашағы кейінгі ұрпақ жастарға байланысты.

Бүгінгі таңда Тайынша ауданындағы жастар саны 10 мың адамға жуық, оның ішінде 3 мыңнан астамы Тайынша қаласында, ал ауылдық елді мекендерде 6 мың жас буын өкілі өмір сүреді. Осы ретте жастармен жұмыс жасайтын орталығымыздың негізгі қызметі – консультациялық көмек көрсету, жастардың қажеттіліктері негізінде әлеуметтік жобаларды іске асыру, олардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру, мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру, жастар волонтерлігін дамыту және жастарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу болып табылады.

Жұмыссыз жүрген азаматтарымыз жастар саясаты шеңберінде үнемі назарда. Атап айтқанда, олар үшін мамандар тарапынан консультациялар беріліп, бос орындар жәрмеңкесі өткізіледі, сондай-ақ басқа да мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі.

Аудандағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен Жастар ресурстық орталығы жастарды жұмысқа орналастыру бойынша ай сайын мониторинг жүргізіп тұрады. Осылайша бүгінде 400-ге жуық адам жұмысқа орналастырылды. Биыл 64207,8 мың теңге сомасына тұрғын үй сатып алуға 15 бюджеттік несие берілді. Білім беру (54 адам), денсаулық сақтау (3 адам) саласындағы мамандарға, агроөндірістік кешен мамандарына (4 адам) және бір мемлекеттік қызметшіге жалпы сомасы 18990,6 мың теңгеге 100 АЕК мөлшерінде 62 көтерме жәрдемақы берілді.

Бүгінгі таңда «Жасыл ел» бағдарламасы – Қазақстан жастарын жұмысқа орналастырудың бірегей әрі өзекті механизмі. Ол мемлекет бойынша сәтті жүзеге асырылуда. Аталған бағдарлама ең алдымен, жастарға арналған. Бұл біздің жастарымыз үшін патриотизм мен еңбекқорлыққа тәрбиелеу мектебі сынды деп айтуға болады. Ол жерде жастар көгалдандыру және құрылыс жұмыстарымен айналысады. Бағдарлама ауданымызда 3 жылдан астам уақыт бойы белсенді жүзеге асырылды.

Осы жылы ауданда 29 жасқа дейінгі 180 адам жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өтті. Әр ауылдық округте жастармен жұмыс жөніндегі мамандар жұмыс істейді. Мамандармен 2022 жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес 78 іс-шара және 23 акция өткізілді. Бұл іс-шаралар жастарды жұмысқа орналастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, құқықтық мәдениетті арттыру, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету, жастарға экологиялық тәрбие беру және басқа да бағыттар бойынша ұйымдастырылған.

Әлбетте, ерікті жастардың қызметі маңызды болып қала бермек. Ауданда жалпы саны 2 волонтерлік ұйым жұмыс істейді. Олар ерекше қолдау мен әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдарға ақысыз көмек көрсетіп, қамқорлық танытады. Осылайша, аз қамтылған отбасыларға азық-түлік пакеттері үлестіріліп, үй-жайларға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ жалғыз тұратын зейнеткерлерге қар тазалауға, көмірмен қамтамасыз етуге және мұқтаж отбасына үй сатып алуға көмек көрсетілді. Қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға ақша жинап, түрлі акцияларға қатысты. Яғни, тайыншалық жастар санатындағы еріктілер ешқашан көмек көрсетуден бас тартқан емес.

Ерікті болу – нақты істер арқылы көрсетілетін патриотизмнің жоғары дәрежесінің көрінісі. Отанға деген сүйіспеншілік ұран сөздермен шектеліп қалмай, халқымыздың игілігі жолындағы істермен дәлелденуі керек.

Жастар орталығы қазіргі таңда үкіметтік емес ұйымдармен, ардагерлер кеңесімен, қоғамдық кеңеспен, Мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімімен, Агробизнес колледжімен, Орталықтандырылған аудандық кітапханамен, АМАНАТ саяси партиясының аудандық филиалымен, аудан мектептерімен, «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» жастар ұйымдарымен әрі аудан еріктілерімен тығыз ынтымақтастықта, қоян-қолтық жұмыс істейді.

Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы болады. XXI ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бұйырған бақыт деп ойлаймын. Олай болса, Тайынша ауданының жастары, тек қана алға!

Екатерина Ковалевская, Жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы.



ИНТЕРНЕТ ДҮКЕНДЕРДЕ АБАЙ БОЛҒАН ЖӨН

Жақсыбай САМПАТ, журналист



Тұтынушының құқын қорғау мәселесі елімізде әлі күнге күн тәртібінен түсер емес. Керісінше, электронды сауда шыққаннан бері бұрынғыдан да күрделеніп кетті. Солтүстік Қазақстан облысының тұтынушылардың құқығын қорғау департаментіне түсіп жатқан арыз-шағымның көбейіп бара жатқанынан осыны көруге болады. Мәселен, былтыр 5 айда түскен шағымдар саны 125 болып, соның 5,6 пайызы онлайн саудаға қатысты болса, биылғы 5 айдағы шағым саны 170-ке жеткен және оның электронды саудаға қатыстылары 31,8 пайызға дейін көтерілген. Демек арыз-шағымның жалпы саны биыл 36 пайызға өскен, оның ішіндегі онлайн саудаға қатыстыларының үлесі 6 есеге жуық артқан.

Электронды сауда бойынша жасалатын шағымдардың негізгі бөлігі – сатып алынған тауарлардың сапасы интернет-сайтта көрсетілген сипаттамаға мүлде жанаспайтыны екен. Мәселен, бір әйел табиғи былғарыдан тігілген италиялық мокасинге тапсырыс беріп, оны қымбат бағаға сатып алса, қытайдың жасанды теріден тігілген сапасыз дүниесі болып шыққан. Ондайдың базардағы бағасы қалаған тауарынан он еседей арзан.

Интернет-дүкендердің кейбірі өздерінің атына кір келтіруден қорықпайды. Өйткені халықты алаяқтықпен алдау үшін ғана тіркелгендер болып шығады. Олар мемлекеттік тіркеуде көрсетілген мекенжайында да болмай шығады. Мәселен, еліміздің көптеген бұрышынан Петропавлда тіркелген бір интернет-дүкенге шағымдар көп түскендіктен, сатып алушылардың құқық қорғау мақсатымен департаменттің қызметкерлері мәселені анықтау үшін көрсетілген мекенжайға барса, бұл жерде олардың ізі де болмаған. Сондықтан мұндай алаяқ фирманы табу оңайға түспейді. Көп жағдайда біздің адамдардың сенгіштігі де «шығасыға иесі басшы» дегендей өздігінен алдануға жол беріп жатады. Мысалы, жарнамаларда көрсетілген тауарды алғысы келетінін айтып, сатып алушы интернет-сайттарға хабарландыру береді. Біраз уақыттан кейін оның телефонына жайлы дауыспен, сенімді сөздермен сатушы хабарласып,

іздеген затын сататынын айтады. Алаяқтың мәймөңкесіне елтіген сатып алушы тауар жеткізушінің контактілік деректерін нақтылауды да ұмытып кетеді. Тек қолына сапасыз тауар түскенде ғана санын бір-ақ ұрады. Сатушының нақты деректері жоқ болғандықтан ақшасын да қайтара алмайды, сапасыз тауарды ауыстыруға да қолы жетпейді. Екеуінің арасында жазбаша келісім болмағандықтан құқық қорғау органдары да қайран қыла алмайды. Жалғыз-ақ тұтынушының құқық қорғау департаментіне шағымданады. Мұндай жағдайда олардан да еш қайран жоқ. Сондықтан «сатушымыз» деген фирманың барлық дерегін, мекенжайын, телефондарын, электронды адресстерін басқа көздерден анықтап, адалдығына көз жеткізген соң барып қана саудаласу керек. Ал адал сатушылар өздерінің деректерін ешқашан жасырмайды.

Солтүстік Қазақстан облысы Тұтынушылардың құқық қорғау департаментінің басшысы Ләзім Мияшева сатып алушының басқа да кейбір талаптарды білгені дұрыс екенін айтты. Мысалы, сатушыдан тауардың сертификатын немесе талапқа сай екендігі туралы декларацияны, ақша төлегендігі жөніндегі түбіртекте талап ету керектігін жеткізді. Сондай-ақ интернет-ресурстардан сатушының репутациясы туралы пікірлерді де анықтаған жөн. Ал тауарды алған соң ол айтылған сапаға сай болмаса фото және бейнекөріністі дәлел жинау керек екен. Соңғы уақыттарда облыстық Тұтынушылар құқық қорғау департаментіне Wildberries деген интернет-дүкеннің әрекеттеріне шағым көп түскен. Алданған тұтынушылар ақшаларын қайтара алмай сарсаңға түсуде. Сөйтсе, бас кеңсесі Мәскеу қаласында тіркелген бұл кәсіпорынға байланысты мәселелер Ресейге қарсы жасалған санкцияларға қатысты туындаған. Алыс шетелдерден сапалы тауарлар жеткізумен айналысатын бұл интернет-дүкен соңғы уақытта санкцияның әлегімен сатып алушылардан ақшасын алғанымен тауарын жеткізе алмай басы дауға қалып отыр.

Қорыта айтқанда интернет арқылы сауда жасаушылар сатушының сенімділігіне мұқият қарағаны жөн. Сонда ғана қапы қалмайсыз.

* * * * *

КІТАПХАНА – ӘДЕПТІЛІК ПЕН МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫ

Бізді, кітапханашыларды қуантатыны – балалардың оқуы мәселесінің де мәдени феномен ретінде қарала бастағаны. Бұл – өскелең ұрпақтың оқуға деген ынтымақ ояту және соған қалыптастыру. Бүгінгі таңда кітапханаларда балаларға, жастарға арналған кітаптар жеткілікті. Ал баланың жас және жеке ерекшелігін ескере отырып, оның әдебиет таңдауына мүмкіндік беретін бірден-бір мекеме – кітапхана. Кітапхана – балаларды кітап оқуға тәрбиелейтін орта. Бүгінгі кітапханалар – көпқалыпты және ерекше құбылыс. Ол жайлы жинақтап айтатын болсам, негізгі ерекшеліктерімен сәйкес оның жұмысының нышаны болып ізденіс, өндіріс, жаңарту процесстері табылмақ. Бұл жерде кітапханашылар оқу жетекшілері болып келеді. Қазіргі кезде балалардың кітапханаға деген көзқарасы ерекше. Кітапханалар – көркем шығармалар оқу арқылы балалардың ой-өрісін жетілдіруге, сондай-ақ сауаттылыққа қалыптастыруға жол ашатын мәдени мекеме. Сонымен кітапханадан балалар тіршілігіне қажетті рухани қазынаның бәрін табуға болады. Кітапхана – әдептілік пен мәдениетті сақтайтын орын. Адамгершілік қарым-қатынас, ортақ мүлкіт мәдениетті түрде пайдалана білу, басқалар алдындағы жауапкершілікті сезіну, көрген, естіген, оқыған нәрселерін де түсініп, талдап үйрену және өз пікірін дәлелдеп қорғай білу – осының бәрін балалар кітапханадан үйреніп келеді десек артық емес. Осы жолда балаларға жан-жақты тәрбие беріп, адамгершілік, имандылық қасиеттерді бойға сіңіру, кітап оқудың маңызын көтеру міндеті арта түсуде. Кітапханашылар баламен оқу жайлы әңгімелесу, оның қызығушылығын оятып, кітаптағы кейіпкерлермен тілдесуіне жәрдемдеседі. Сонымен қатар олар психологтар секілді өздерінің оқырмандарын күн сайын бақылап отырады.

Жаңаға деген қызығушылық тұлғаны рухани жағынан жетілдіре түседі. Осыны жас оқырман ұғынуы тиіс. Оқырмандарымыздың шығармашылық қабілетін, талантын ашу – біздің маңызды міндеттеріміздің бірі.

Отбасылық оқу барысында кітапханамызда «Кітап-



Сіздің отбасыңызда» тақырыбында сауалнама өткізілді. Сауалнаманы қорытындылай келе ата-аналардың басым бөлігінің балаларына кітап сатып алып беретінін, бірге отырып оқыған шығармаларын талқылайтынын, балаларына қандай шығарма оқуға кеңес беретіндігін, сондай –ақ балалар үшін кітап маңызды әрі оны сыйлыққа алғылары келетінін байқадық. Себебі, кітап рақат сезім сыйлайды. Осыны айта келе, оқуды отбасынан бастаған дұрыс екеніне көзіміз жетті. Яғни, бала жөргегінде жатып – ақ кітаппен бірге өсуі керек. Кітапхана балалардың бір –бірімен кездесетін әрі жана достармен танысуға мүмкіндік табатын көпшілік орын. Жалпы кітапхана адамдарға білім беру мүмкіндігі бар бірден-бір парасатты мәдени орын болғандықтан, ұлттық мәдениеттің мәйегін насихаттау әрі дамыту баршамыздың парызымыз бен міндетіміз деп білемін.

Сандуғаш БОРАНБАЕВА,

Келлер ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, № 10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Талсырыс 419 Таралымы 1300

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715 36) 21999

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.